№3 Хромтау орта мектебінің оқу-тәрбие үдерісінің 2022-2023 оқу жылының педагогикалық талдамасы

2023 жыл

№3 Хромтау орта мектебінің 2022-2023 оқу жылындағы оқу –тәрбие үрдісіне педагогикалық талдауы.

Талдау мақсаты:

1. Мектептегі оқу-тәрбие үдерісінің жүргізілуін талдай отырып, атқарылған педагогикалық жұмыстарда жіберілген кемшіліктерді анықтау;
2. Мектеп қызметін жоспарлау диагностика нәтижесінде айқындалған проблемалармен қиындықтарды есепке ала отырып, 2022-2023 оқу жылына жаңа міндеттер қабылдау;

№3 Хромтау орта мектебінің оқу-тәрбие үрдісінің басты міндеті:

Мемлекеттік білім беру стандарт талаптарын қамтамасыз ете отырып, мектептегі әрбір оқушыға сапалы білім мен тәрбие беру, алған білімді өмірлік жағдаяттарда қолдану білігі жоғары, әлеуметтік бейімділігі жетілген, дене бітімі дұрыс дамыған, зиялы,жан-жақты, рухани әлемі бай тұлға қалыптастыру.

2022 -2023 оқу жылында «№3 Хромтау орта мектебі» КММ 1-11 сыныптар бойынша 40 сынып ,мектепалды даярлық 3 топ жинақталып оқытылды. Барлық 1-11 кл аралығында оқушы контингенті – 855.

Білім мен тәрбие беру процесін ұйымдастыру үшін төмендегі нормативтік құжаттарды негізге ала отырып жүргізілді.

-«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 406 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген)

- Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы(Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №394 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген)

-–«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы)(Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген)

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген)

- «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшіліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты;

2022 -2023 оқу жылында «№3 Хромтау орта мектебі» КММ оқушы контингенті – 855,
0-11 сынып- 43 класс-комплект
1-11-сынып аралығында 40 класс-комплект

Кітапхана жұмысы

Мектеп кітапханасының материалдық-техникалық базасы
Кітапхананың көлемі -54,72м
Оқу залы,абонементпен бірге – 1
Сақтау қоймасы -жоқ

р/с	Құрал-жабдықтар атауы	саны
1	Ноутбук	4
2	Ноутбук интернет желісіне қосылған	1
3	Принтер	0
4	Оқуға арналған үстел	3
5	Жиынға арналған үстел	1
6	Орындық	6
7	Кітап сөрелері	10
8	Көрмеге арналған кітап сөрелері	4
9	Шкаф	1
10	Алфавиттік каталог	0
11	Өртке қарсы	0

Оқу залы,абонементпен бірге орындар саны - 6
Кітапхананың материалдық техникалық базасы

Кітапхана қызметкері туралы мәлімет.

№3 Хромтау орта мектебі кітапханасында Талтанова Айгул Амандыққызы 2010 жылы қаңтардан бастап жұмыс жасайды.Кітапханашының жалпы еңбек өтілі -28 жыл,оның ішінде кітапхана бойынша-13 жыл. Ақтөбе мәдени-ағарту училищесін 1994 жылы бітірді. Мамандығы «Кітапхана ісі»

Барлығы	Оның ішінде кітапханашы	Білімі бойынша кітапханашылардың құрамы			
		Жоғары		Арнаулы орта	
		Кітапханалық	Басқа	Кітапханалық	Басқа
1	1		1	1	

Кітапхана қызметкерінің жас ерекшелігі

Барлығы	30 жасқа дейін	30 жастан 45 жасқа дейін	45 жастан 50 жасқа дейін	50 жастан 58 жасқа дейін	58 жастан жоғары
1	0	0	1	0	0

Кітапхана қызметкерінің мамандығы бойынша еңбек өтілі

Барлығы	1жылға дейін	1жылдан 6 жылға дейін	6 жылдан 10 жылға дейін	10 жылдан жоғары
1	0	0	0	1

Кітапхананың мақсаты:Кітапхана оқырмандарын заман талабына сай ақпараттық технологиямен жұмыс жасауға бейімдетіп,тіл байлығын кеңейтіп, сөздік қорларын,ой-өрісін дамытуға, оқулықты таза ұстап,кітапты құрметтей білуге тәрбиелеу.Мектепте өткізілген іс-шараларға атсалысу.Білім беру үрдісінде оқушыларға ақпараттық, оқырмандық мәдениетті қалыптастыру жолымен білім сапасын арттыру.

Кітапхана қызметінің міндеті:

1.Мектеп мұғалімдері мен білім алушыларына оқу-тәрбие үрдісінде кітапханалық - библиографиялық және ақпараттық қызмет көрсету.

2.Білім алушыларда ақпараттық мәдениет негіздерін қалыптастыру, кітапхананың тәуелсіз пайдаланушысын тәрбиелеу.

3.Мемлекетіміздің тарихын,мәдениетін оқып үйренуге жәрдемдесу.

4.Педагог қызметкерлердің кәсіптік шеберлігін арттыруына көмектесіп отыру.

5.Мектеп бағдарламасы бойынша өтілетін шараларға қосымша әдебиеттер оқуға жағдай жасау.

6.Мектеп оқушыларын оқулықпен қамтамасыз ету,сұраныс беру ,оқулық алу.

7.Мұғалімдерді түскен әдеби – көркем шығармалармен,әдістемелік құралдармен таныстыру.

8.Оқулықтарды күтіп ұстауға ,жыл аяғына дейін жақсы дәрежеде өткізу үшін бақылау.

2022-2023 оқу жылында оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету.

Жалпы кітап қорындағы оқулық саны -23295

Барлық оқушы саны – 790/60Даярлық тобының саны - 50Азқамтылған отбасы балаларының саны - 24Жалпы берілген оқулықтар саны - 11679Даярлық топ оқулықтар саны –жоқ

Жаңа 2022-2023 оқу жылында мектептегі барлық оқушыларға оқулықтар таратылды. Алғашқы кезекте әлеуметтік жағдайы төмен және азқамтылған отбасылардың балаларына , жетім балаларға оқулықтар беріледі. 1-11сынып оқушылары толығымен қамтамасыз етілді. Мектеп оқушылары «Атамұра», «Мектеп», «Алматыкітап », «Арман ПВ», «Келешек», «НИШ», «Бөбек», «Эду стрим» баспаларынан шыққан оқулықтармен оқиды.1- 4 сыныптар, 5-7 сыныптар «Атамұра», «Бөбек» «Алматыкітап», «НИШ», «Эдустрим» баспаларынан шыққан оқулықтарымен оқиды. 8-9 сыныптар «Атамұра», «Мектеп», «Арман ПВ», «Келешек» баспаларынан шыққан оқулықтармен оқуда.10-11 сыныптар «Мектеп», «Атамұра» баспасынан шыққан жаратылыстану-математикалық бағыттағы оқулықпен оқиды. Жалпы оқулық саны жеткілікті. «Бөбек » баспасы бойынша өзін-өзі тану пәні оқулығы алынып тасталды.Оқулықпен қамтамасыз ету барысында ең алдымен жетім, мүгедек, күн көрісі төмен отбасы,көп балалы отбасы балаларына беріледі.Сынып жетекшілері әр сыныптың әлеуметтік жағдайларына қарай оқулықтарды үлестіріп , жетіспеушілік жағын қарап қадағалайды. Биылғы жаңа оқу жылында 2022-2023 оқу жылында 2 сынып жаңа бағдарламаға сай оқулықтар-мен толық қамтылды.11 сынып оқушылары таңдаулы пәндері бойынша екі бағытпен оқуда.Жалпы мектеп оқушылары 2017,2018,2019 ,2020,2021,2022 жылдарда шыққан оқулықтармен оқиды. Сынып жетекшілері кітапханамен ,ата-анамен байланыста болады және кітапханашы басқа мектептермен байланыс жасап жеткіліксіз кітаптарын тауып беруге жағдай жасайды.Жалпы баспалар бойынша 1-11 сыныптарға –

11679 дана оқулық таратылып,толық қамтылды.Сонымен қатар жаңа оқу жылында даярлық топқа кітаптар келмеді.2 сыныпқа жаңа 2040 дана оқулықтар келді.

Әр сынып бойынша төмендегідей оқулықтар таратылды.

1сынып - 675 дана, 2 сынып - 1118 дана , 3сынып - 912 дана, 4 сынып - 1332 дана, 5 сынып - 1027дана, 6сынып -1292 дана, 7сынып-924 дана, 8сынып -1670 дана, 9сынып - 2072 дана, 10 сынып - 657 дана, 11 сынып -370 дана.

Сыныптар бойынша оқулықтармен қамтылу көрсеткіштері.

1сынып- 100% , 2сынып- 100% , 3сынып-100% , 4сынып-100% , 5сынып-100%, 6сынып-100%, 7сынып-100%, 8сынып-100%, 9сынып-85%, 10сынып -100% , 11сынып-100%

№3Хромтау орта мектебі бойынша 2022 жылғы оқулықтарды қосқанда 2022 -2023 оқу жылында оқушыларды оқулықпен қамтамасыз етілуі

№	Сыныптар	Бала сны	Оқулықпен қамтылғаны	пайызы
1	Даярлық	50	0	0
2	1	75	75	100%
3	2	87	87	100%
4	3	75	75	100%
5	4	79	79	100%
6	5	79	79	100%
7	6	83	83	100%
8	7	66	66	100%
9	8	84	84	100%
10	9	95	85	85%
11	10	36	36	100%
12	11	31	31	100%
		790/50	790/50	
	Бастауыш - 316 5-11 сыныптар - 474			

№3 Хромтау орта мектебінің кітапханасы бірінші қабатта орналасқан.Жұмыс уақыты 9.00-18.00 дейін.Айына бір рет тазалық жүргізіледі. Кітапхананың оқу залы жоқ , кітап сақтайтын бөлмесі жоқ.Ноутбук бар,принтер жоқ. Жалпы алаңы-54,72м. кв. Кітап көрмесінің төрт стелажы бар.Шкаф біреу, үстелдер бес,орындықтар алты, кітап қоятын сөрелер он дана бар.


Кітапхана қорында -25271

Соның ішінде оқулық саны-23295

Әдеби кітап-1588

Әдістемелік-168

Электронды нұсқа -220



2022-2023 оқу жылына баспасөз материалдарына жазылу.

Жалпы №3 Хромтау орта мектебі биылғы оқу жылында мектепке Ақтөбе – 1дана, Актюбинский вестник-1,Казахстанская правда -1,Егемен Қазақстан - 1дана, Білімді ел-1дана,Ана тілі -1дана, Айқын-1дана,Хромтау-1 дана Литер-1дана газеттерге жазылды. Мекеме газеттері бойынша - 10 дана 100429,20 теңге бағада жазылды.

Күнделік есебі бойынша оқырман мен келушілер саны

Барлық оқырман саны - 670

Келушілер саны - 2209


Берілген кітап саны – 864

Мектеп кітапханасының тоқсандық қорытынды мониторингі күнделік есебі бойынша

1 тоқсан	Оқырман саны	134	Келушілер саны	439	Кітап беру саны	204
2 тоқсан	Оқырман саны	182	Келушілер саны	497	Кітап беру саны	241
3 тоқсан	Оқырман саны	221	Келушілер саны	772	Кітап беру саны	262

4 тоқсан	Оқырман саны	133	Келушілер саны	501	Кітап беру саны	157
Барлығы		670		2209		864

Тоқсан бойынша қорытынды мониторингі



Кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру,сөйлеу мәнерін дамыту,кітапты сүюге баулу,кітапты дұрыс таңдауға ,кітап ұқыпты ұстау ережелері туралы мағлұмат бере отырып, кітапхана қорын пайдалана білуге үйрету.

№3 Хромтау орта мектебінің 1-2 сынып оқушылары жетекшілерімен бірге «Білім көзі-кітапхана», «кітапханамен танысу» , «Кітапхананы қолданудың негізгі ережелері» бойынша кітапханаға саяхат жасады.Оқушыларды кітапхана ішімен ,кітаптардың орналасуымен, кітапханада қолданылатын

ережелермен таныстырылды.Кітапханадағы көркем әдебиеттер үйге берілетіні, қалай орналасқаны туралы баяндалды.Кітапханашы Талтанова А.А. кітапханада орналасқан кітап көрмелеріндегі жаңа кітаптармен таныстырды. Оқушылар суретті кітаптарды қызықтап сұрақтар қойды. Сұрақтарға жауаптар алынып,түрлі смайликтерді пайдаланды,өздері қандай сезімде болғандарын жеткізді.



Мақсаты: Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру және оқу сауаттылығын дамыту,балалардың кітап оқу белсенділігін арттыру.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында тыныш оқу , мағыналық оқу сағаттарын өткізу мақсатында мектептің мұғалімдері ,оқушылар мен ата-аналар,мектеп қызметкерлерімен 20 минуттық кітап оқуды ұйымдастыру. Жалпы «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша мұғалімдер,оқушылар,ата-аналар арасында кітап оқуға қызығушылық танытуда,бос уақыттарын тиімді өткізу үшін қоңырауда,сабақтан тыс уақыттарда «20 минуттық оқу» сағатын жүргізу қолға алынды.Оқушылар өздеріне ұнаған кітаптарын алып оқып, қысқаша мазмұнын баяндап отырды.Кітапханаға үзіліс уақытында,сабақтан тыс уақытта оқушылар «20 минуттық оқу» сағаты бойынша өздеріне ұнаған кітаптарды алып оқиды.1-2 сынып ертегі кітаптарды қызықтап оқыды.



Мақсаты: Оқушыларға Мұхтар Әуезовтың өмір жолы мен жазушылық қызметінен шығармашылығынан мағлұмат беру.Жазушының әлемдік мәдениетке қосқан үлесі туралы оқушылардың білімін жетілдіру.

«Нағыз оқитын кез» және «балалар жылы» аясында кітапханада қазақтың ұлы жазушысы ,ғұлама ғалым,қоғам қайраткері ,филология ғылымының докторы ,профессор Қазақстан ғылым академиясының академигі ,Қазақ КСР еңбек сіңірген ғылым қайраткері Мұхтар Әуезовтың туғанына 125 жыл толуына орай №3 Хромтау орта мектебі кітапханасының жоспары бойынша ақын, жазушы Мұхтар Әуезовтың туғанына125 жыл толуына байланысты қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Бітімбай Айдана Сағымжанқызы «Әлем таныған Әуезов» атты танымдық сағатын өткізді.Аталған шараға 7 «ә» сынып оқушылары қатысты.Оқушылар ақынның өмірі мен шығармашылығы жөнінде видеожазба көрсетіліп таныстырылды.

Оқушыларға Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың өмірі мен шығармашылығымен таныстыра отырып,сұраққа жауап ретінде рухани жан дүниесін байыту.



№3 Хромтау орта мектебі кітапханасында Тіл айлығының жоспарына сәйкес жазушы Сафуан Шаймерденовтың туғанына 100 жыл толуына байланысты мектеп кітапханашысы Талтанова Айгул Амандыковна 6сынып оқушылары ның қатысуымен «Жыл құсы» атты танымдық сағат өткізді.Танымдық сағат барысында оқушылар Сафуан Шаймерденовтың өмірімен, шығармашылығы мен танысты.



Мақсаты: Балаларға ертегіні көңілді қабылдауға үйрету, сахналап беруге талпындыру, кейіпкердің мінез - құлқын сезіндіру, есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру. Ойлау, есте сақтау, еске түсіру қабілеттерін қалыптастыру, ауызекі сөйлеу тілін дамыту.

№3 Хромтау орта мектебі кітапханасында «Оқуға құштар мектеп » жобасы аясында «100 кітап» жобасына енген «Қиял- ғажайып ертегілер » еліне саяхат атты 1-2 сынып оқушыларының кітап оқу марафоны.Бастауыш сынып оқушылары кітапханаға келіп өздеріне ұнаған кітаптарды алып оқыды және орта буын оқушылары ертегіні 1-2 сынып оқушыларына дауыстап оқып берді.Оқушылар ертегілер бойынша кейіпкерлерді атап, олардың жасаған іс-әрекеттері туралы баяндады.



Мақсаты: Балаларды кітап оқуға қызықтыру,отбасылық оқу дағдыларына бейімдеу, кітапхана мен отбасы арасындағы тұрақты қарым-қатынасты қалыптастыру.Ата-аналардың балалармен кітап оқуын қалыптастыру.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында №3 Хромтау орта мектебі кітапханасының жоспары бойынша отбасымен бірге кітап оқуды әдетке айналдыру мақсатында «Біз отбасымызбен бірге кітап оқимыз» атты 2- 4 сыныптар арасында фотоконкурс жүргізілуде.Бұл конкурса оқушылар анасы,әкесімен бірге күнделікті кітап оқуды қолға алғаны бойынша суреттерін жіберген болатын.Дегенмен бұл конкурста оқушылар барлығы бірдей бағытта болды.

2 «б» сынып Шоқан Нұрасыл, 2 «б» сынып Құрмантай Бейбарыс,2 «ә» сынып Болат Санжар,2 «ә» сынып Аманғос Әлимұхаммед,2 «ә» сынып Қали Сабыржан,Разимбергенов Алихан, Дәулетбаев Төрегали ,3 «а»сынып Ерланұлы Алимансұр,3 «а» сынып Қалдыбек Жанель,3 «а» сынып Құрманалы Арай, 3 «а»сынып Отарбаева Гаухар,Шамғон Зере, Марат Санжар, Темірғали Ардана, 2 «а» сынып Әбуғали Мансұр,3 «а» сынып Тұрмағанбетов Алдияр,2 «а» сынып Сәрсенғали Нариман,Тлеуқара Кәусар,3 «б» сынып Жандильдина Айым, 2 «а»сынып Есенғали Іңкәр,2 «ә»сынып Жарасхан Кәусар,Жарасхан Сезім.



Мақсаты:Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру,ойлау,сөйлеу қабілеттерін дамыту,өз ойларын жеткізе білуге,еркін сөйлеуге ,кітап мазмұнын толық меңгеруге дағдыландыру.

№3 Хромтау орта мектебі кітапханасының жоспары негізінде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 1-11 сыныптар аралығында «Кітап оқы, рухани бай бол!» тақырыбында акция өтті.Оқушылар үзілісте топ болып және жеке кітап оқыды.жеке өздеріне ұнаған кітаптарды оқып,өз ойларымен бөлісті.Кітапты дауыстап оқуда,жеке алып оқуда оқушылар кітаптың мазмұны туралы баяндап,келесі оқырманның да осы кітаптарды оқуына ой тастады.

Мақсаты: Көрнекті ақын Дулат Бабатайұлының өмір жолымен таныстыра отырып, жырларын жас ұрпаққа насихаттау.

№3 Хромтау орта мектебі кітапханасының жоспары негізінде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Көрнекті ақын,жырау,ағартушы,сатирик,тарихшы,қоғам қайраткері Дулат Бабатайұлы туғанына 220 жыл толуына орай жырларын жас ұрпаққа насихаттау мақсатында 9-11 сыныптар аралығында Дулат Бабатайұлының туғанына 220 жыл толуына орай «О,Ақтан жас,Ақтан жас» тақырыбында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Мұханбетжанов Нұрсұлтан оқу марафонын жүргізді. Бұл оқу марафонында оқушылар ақын,жырау,тарихшы Дулат Бабатайұлының «О,Ақтан жас,Ақтан жас» өлеңін 9сынып оқушылары Орынбасарова Гүлжүзім,Амангелді Гүлсезім,Куандыкова Дильназ Бауыржанова А. оқып насихаттады.

№3 Хромтау орта мектебі «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында көркем сөздің шебері ,қазақтың классик жазушысы ,саналы ғұмырын қазақ әдебиетінің өркендеуіне ,қазақ прозасының кең тыныстауына арнаған ұлы тұлға Ғабиден Мұстафиннің туғанына 120 жыл толуына орай қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Имекешова Құралай Марданқызы және Бітімбай Айдана Сағымжанқызы 9- шы сынып оқушыларымен «Табиғаты өзгеше талант иесі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.Оқушыларға жазушының өмір жолы таныстырылды.Оқушылар жазушының ш ығармаларын насихаттап,суреттер арқылы жұмыстанып,нақыл сөздердің мағынасын ашу арқылы өз ойларымен бөлісті.





Мақсаты:Оқушыларға ертегінің мазмұнын таныстыру ,кейіпкерлердің әрекеттеріне баға беруге баулу, сөздік қорын,шығармашылық қабілеттерін дамыту.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 4 «а» сынып оқушыларының қатысуымен орыс тілі пәні мұғалімі Бримова Ұлдай Ұзақбайқызы «Қызыл телпек»ертегісі бойынша шара өткізді.Оқушыларға «Қызыл телпек»ертегісі бойынша мағлұматтар бере отырып ,кейіпкерлерге жеке-жеке сипаттама берді. Оқушылар ертегі кейіпкерлерін рөлдік бағыттарын сомдап,өз ойлары бойынша сұрақтарға жауап берді.

Мақсаты:Балалардың ертегі оқуға деген қызығушылығын арттыру ,ертегілер мазмұнымен танысу,тіл байлығын байыту ,есте сақтау қабілеттерін дамыту.

«Оқуға құштар мектеп » жобасы аясында «Ертегі сыр шертеді» тақырыбында оқушылар үзілісте , сабақтан тыс уақытта ертегіні дауыстап оқу сағатын жүргізіледі.1 сынып оқушылары «Қасқыр мен қозы»,1 сынып оқушылары үзілісте ертегі оқуда, 1 сынып «Мысық неге тамақ ішіп болған соң жуынады?», 1сынып «Түлкі мен қырғауыл»,2 сынып «Алдар көсе»,1 сынып «Қасқыр,түлкі,әтеш»,2 сынып «Түлкі мен қаздар»,2 «а», «б» сынып оқушылары ертегілер оқыды. 2 «а», «б» сынып «Түлкі мен құмырсқа» Жалпы оқушылар ертегілерді дауыстап оқып, ертегінің мазмұны бойынша баяндап өз ойларын айтты . «Бауырсақ »ертегісі бойынша сахналық қойылым көрсете отырып ,ертегі кейіпкерлері бойынша ойындар ойнады.





Мақсаты :Балаларға ертегіні әңгімелете отырып,тіл байлығын,ой-өрісіндамыту.Аңдардың ертегі бойынша мінез-құлқын бейнелеп,анық мәнерлі сөйлеуге үйрету.Ертегі тыңдау , сахналық қойылым,рольдерде ойнауға деген қызығушылығын арттыру.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Ертегілер сыр шертеді» тақырыбында жоба құрылған болатын. Сол жоба негізінде балалардың ертегі оқуға деген қызығушылығын арттыруда 1-5 сыныптар аралығында «Ертегілер де біздің қонақтар» атты шара өтті.Бұл шарада әр сынып өздеріне берілген тапсырма бойынша ертегіден сахналық қойылым көрсетеді. Бұл шараға қатысқан сыныптар төмендегідей ертегілерден сахналық қойылым көрсетті.

1 «а» сынып - «Жеті лақ» , 1 «ә» сынып - «Бауырсақ» , 1 «б» сынып- «Мақта қыз бен мысық» 2 «ә» сынып - «Үйшік» , 3 «а» сынып - «Қарлығаштың құйрығы неге айыр», 3 «ә» сынып - «Алма ертегі» , 4 «а» сынып - «Жыл басына таласқан хайуанаттар» 4 «ә» сынып -«Алтын сақа» ,4 «б» сынып -«Алдар көсе» 4 «в» сынып - «Шалқан» , 5 «в» сынып - «Алдар көсе» ертегілері бойынша сахналық қойылым көрсетті.Балалар тамаша дайындықпен белсене қатысты.Балалардың кейіпкерлердің рөлін сомдауда,іс-шараға белсене қатысуда қызығушылық танытты.Оқушылар «Үздік ертегі-2022» , «Ең үздік қойылым», «Ең үздік кейіпкерлер» номинацияларымен марапатталды.





Мақсаты:Ахмет Байтұрсынұлының өлеңдерін насихаттау,оқушыларға поэзия құдіреті арқылы қазақ деген ұлы халықтың болмысы мен бітімінің ұлылығын дәріптеу.

№3 Хромтау орта мектебі кітапханасының жоспары негізінде «Оқуға құштар мектеп» жоспары бойынша Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жылдығына орай 5-6 сыныптар аралығында Ахмет Байтұрсынұлының өлеңдерін насихаттауда эстафета жүргізілді.Жалпы оқушылар белсенділік танытты.5 «а» сынып оқушысы Серік Кәусар «Анама», 5 «а» сынып оқушысы Маратқызы Қарақат «Жазушының қанағаты», 5 «а» сынып оқушысы Қайырбек Наргиза «Оқуға шақыру»,5 «в» сынып оқушысы Сейтжапар Сағыныш «Досыма хат»,3 «б» сынып Қуаныш Кәусар «Оқуға шақыру

Мақсаты: Мұхтар Әуезов шығармаларының идеясын ұғындыру , тақырыбын ашу,
көркем әдебиет оқуға шақыру.

№3 Хромтау орта мектебі кітапханасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Мұхтар Әуезовтың туғанына 125 жыл толуына орай 8-9 сыныптар аралығында Мұхтар Әуезовтың «Қорғансыздың күні» атты туындысы бойынша қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Имекешова Құралай оқырман конференциясын өткізді.Жазушының өмір жолымен таныстырылды. Алғашқы әңгімелерінің бірі «Қорғансыздың күні» шығармасындағы адамдардың мұң мұқтажы, әйел адамдардың теңсіздігі туралы баяндалды.



Мақсаты:Жас ұрпаққа қоғам қайраткері, Халық жазушысы Шерхан Мұртазаның мол мұрасын насихаттау.Балалардың бойына ақыл мен парасатты , сөз құдіреті мен көркем сөздің мәйегін сіңіру.Қанымызда бар шешен де тауып шебер сөйлеу мәдениетін ұрпақ бойынан көру. Ұлыларымызды құрметтеу,сол арқылы оқушы бойына мақтаныш сезімін тудыру,даналардың даралығын бағалау ,қастерлей білуге баулу.

Қазақ әдебиетінің аса көрнекті жазушы, қалың қазақ жұртының арқа сүйер ардагері,қайсар тұлға Шерхан Мұртазаның туғанына 90 жыл толуына орай «Шерағаң» атты тақырыптағы бейне интеллектуалды ойын өткізілді.Іс -шараға 6 сынып оқушылары ,қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Алдаберген Нұрдаулет қатысты.Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Алдаберген Нұрдаулет Шерхан Мұртазаның өмір жолымен, шығармашылығы мен таныстырып,балаларға бейнеролик көрсетілді.Оқушылар жазушы жайлы арнау өлеңдер мен нақыл сөздерін мәнерлеп жатқа орындады, жазушының шығармаларын оқып өз ойларын білдірді.Оқушыларға «Жазушы жайлы не білем?» атты түрлі сұрақтар қойылды.Оқушылар өз білгендерін ортаға салып, жауап жүргізді.







Мақсаты: Балаларға ертегіні көңілді қабылдауға үйрету, сахналап беруге талпындыру, кейіпкердің мінез - құлқын сезіндіру, есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру. Ойлау, есте сақтау, еске түсіру қабілеттерін қалыптастыру, ауызекі сөйлеу тілін дамыту.
№3 Хромтау орта мектебі кітапханасында «Оқуға құштар мектеп » жобасы аясында «100 кітап» жобасына енген «Қиял- ғажайып ертегілер » еліне саяхат атты 1-2 сынып оқушыларының кітап оқу марафоны.Бастауыш сынып оқушылары кітапханаға келіп өздеріне ұнаған кітаптарды алып оқыды және орта буын оқушылары ертегіні 1-2 сынып оқушыларына дауыстап оқып берді.Оқушылар ертегілер бойынша кейіпкерлерді атап, олардың жасаған іс-әрекеттері туралы баяндады.
№3 Хромтау орта мектебі «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында ата-ана мен баланың бір-біріне деген мейірімі,құрметі,қарым-қатынасын нығайту,есте сақтау қабілеттерін дамыту мақсатында «Ұйқы алдында оқимыз», «Оқу-жақсы үйретуші» тақырыбында 1 «а» сынып оқушысы Марат Нұрасыл анасының айтқан «Мұрагер» атты ертегісін тыңдауда. Сынып жетекшісі Жаппакова А.7 «в» сынып оқушысы Саматова Ж. Мұқан Иманжановтың «Алғашқы айлар», 8 «Б» сынып оқушысы Оразов Ә. Мұхтар Әуезовтың «Қорғансыздың күні» кітабы бойынша баяндайды
«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушылардың кітап оқуда ой-өрісін дамыту,бірлесіп кітап оқуын ұйымдастыру,кітапқа деген қызығушылықты арттыру мақсатында бастауыш оқушылары арасында «Мен оқимын! Біз оқимыз!» тақырыбында 2-3 сыныптармен бірге тәлімгер Аблаева Зухра Русланқызы челлендж ұйымдастырды.Бұл негізінде оқушыларға ертегілер бойынша сұрақтар қойылды және пазл ойын тәсілімен ертегі жасырылды,оқушылар ертегіні тауып мазмұнын оқып,баяндайды. 2 «а» сынып оқушылары «Жеті лақ» ертегісін оқып,3 «ә» сынып оқушыларына оқуға жолдайды.3 «ә» сынып оқушылары ертегіні пазл арқылы құрастырады,қай ертегі екенін тауып оқиды да 3 «а» сынып оқушыларына жолдайды. Бұл сынып «Қарлығаштың құйрығы неге айыр» ертегісін оқып аяқтайды. Жетекшілік еткен Аблаева З.


«№3 Хромтау орта мектебі» КММ –де кітапханашының жоспарына сай «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында балалардың кітап оқуға деген ынтасын арттыру мақсатында 6-7 сыныптар аралығында «Ең үздік оқырман» сайыс өтті.Оқушылар белсенділік танытып, марапаттарға ие болды.
Мақсаты: Оқушылардың кітап оқуға деген ынтасын, қызығушылығын арттыру.
Іс-шара барысы: «Үздік оқырман» шарасына 6-7 сынып оқушылары қатысты. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушылардың кітап оқуға деген ынтасын арттыру мақсатында 6-7 сыныптар аралығында «Ең үздік оқырман» сайысы өтті . Сайыста 4 бөлім бойынша (Таныстыру, «Мен оқыған кітап», «Поэзия әлемінде», «Сен білесің бе?» сұрақ-жауап) бақтарын сынады.Жалпы оқушылар өздері оқыған кітаптарын мазмұнына қысқаша шолу жасап,жарнамалады.Ұнаған ақындарының өлеңдерін жатқа айтты. Жақсы белсенділік танытты.
6 «б» сынып оқушысы Нұрғалиева Дина
6 «а» сынып оқушысы Қуантай Диляра
6 «ә» сынып оқушысы Абай Нұрдана
6 «в» сынып оқушысы Карл Еркежан Ы.Алтынсарин «Таза бұлақ»
7 «а» сынып оқушысы Нұрланқызы Жаннұр Қ.Қайсенов «Жау тылындағы бала»
7 «ә» сынып оқушысы Алимбаева Ақпейіл Б.Момышұлы «Ұшқан ұя»
7 «б» сынып оқушысы Алпамысова Сабина О.Бөкей «Өз Отыңды өшірме»
7 «в» сынып оқушысы Саматова Жанбота М.Иманжанов «Алғашқы айлар»
Қорытынды:Жалпы бұл сайысқа 6- 7 сынып бойынша сегіз оқушы қатысты.Берілген тапсырмалар бойынша мұқият дайындалған.Кітаптардың мазмұндары бойынша жақсы сипаттамалар жасалды.Оқушылар белсенділік танытты.Жүлделі орындарға ие болған оқушылар I,II,III орын және «Белсенді оқырман», «Өнерлі оқырман», «Білімді оқырман», номинацияларымен марапатталды.
«Білімді оқырман»номинация 7 «а» сынып Нұрланқызы Жаннұр
«Белсенді оқырман» номинация 7 «в» сынып Саматова Жанбота
«Өнерлі оқырман» номинация 6 «а» сынып Қуантай Диляра

Өткізілу әдісі:сайысҚолданылған көрнекіліктер:ақын –жазушылар кітаптары,слайд материалдары,кеспелерҰсынылған кітаптар:таңдауындағы кітаптар





«№3 Хромтау орта мектебі» КММ –де кітапханашының жоспарына сай «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Бір сынып-бір кітап» акция ұйымдастырылды.
Іс-шара барысы: «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жалпы мектепішілік «Бір сынып-бір кітап»акциясы бойынша барлық сыныптарға әдеби кітаптарды оқуға ұсынылды. Оқушылар ай бойы сынып болып кітапты оқып,сол кітаптың мазмұнын игергені бойынша шара өткізеді. «Бір сынып-бір кітап» акциясы аясында 5«а» сынып білім алушылары жазушы,драматург ,Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығының лауреаты Оралхан Бөкей өмір жолымен таныса отырып,«Тортай мінген ақ боз ат» кітабы оқуға берілді. Осы кітапты оқушыларға оқып таныстыру жұмыстары жүргізілді.
Бұл шығармада Тортайдың басынан кешкендері,соғыстан кейінгі қайғы – қасіреттері туралы баяндайды,оқушылар өз ойларын айтты. Шығарманың жазылуы туралы айтып өз ойларымен бөлісті.
Мақсаты: Оқушыларға Оралхан Бөкейдің өмірі мен шығармашылығын таныстыру. Әңгімедегі кейіпкерлердің іс-әрекетін талдау барысында өмір шындығын таныту, шығармадан алған білімдерін жинақтау. Оқушы ойын ашық жеткізе білуге, шығармашылық пен айналысуға, талдау жасау кезінде білімін, ойын дамыту.
Өткізілу әдісі: акцияҚолданылған көрнекіліктер: кітаптар ,суретті слайд Ұсынылған кітаптар:О.Бөкей «Тортай мінген ақ боз ат»Іс-шара мерзімі қашан,қайда? Қатысқаны:5 «а»сыныпБарлығы:18Қорытынды: Соғыстан кейінгі балалар мен қазіргібалалардың арасында қандай ұқсастық пен айырмашылық бар? Тортай тәрізді балалар қазірде кездесе ме?
Оралхан Бөкейдің бұл әңгімеден басқа қандай әңгімелерін оқыдыңдар? Сұрақтар арқылы ойларын толықтырды.





«№3 Хромтау орта мектебі» КММ –де кітапханашының жоспарына сай «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Бір сынып-бір кітап» акция ұйымдастырылды.
Мақсаты:Оқушылардың кітап оқуға деген құлшынысын,ынтасын арттыру.Кітап оқуға деген ой-өрісін дамыту,кітапты қадір тұтуға үйрету.
Іс-шара барысы:
«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Бір сынып-бір кітап» акциясы бойынша 9 сыныпта жазушы,қазақы дәстүрлерді насихаттаушы Зейнеп Ахметованың «Жетілік ұғым» атты кітабын оқыды.Бұл қазақ халқына қажет тәрбиелік мәні зор туынды, әр шаңырақтың төрінде тұруға лайықты шығарма. Жеті санының қасиеті туралы айтылғандығы және ұлттық дәстүрлер туралы ойларымен бөлісті.Оқушылар осы кітапты бөліп оқып,әрқайсысы қандай мағынасы бар екеніне қысқаша мәлімдеме берді.
Қорытынды:Жалпы оқушылар кітап мазмұнымен танысып,сұрақтарға жауап беру арқылы өз ойларын айтты.Тәрбие ұғымын терең меңгеріп,алдағы күндері өз істеріне жаратады деген сенімдеміз.Өткізілу әдісі:акцияҚолданылған көрнекіліктер: кітаптарҰсынылған кітаптар: Зейнеп Ахметова «Жетілік ұғым»Іс-шара мерзімі қашан,қайда?Қатысқаны: 9 сынып оқушыларыБарлығы: 23




«№3 Хромтау орта мектебі» КММ –де кітапханашынің жоспарына сай «Баланың кітап оқуға деген сүйіспеншілігін қалай оятуға болады?»деген тақырыпта оқушыларға ақпарат.
Мақсаты: Білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру,кітаптың адам өміріндегі маңызы ,кітап оқуға деген ынтасын арттыру.
Іс-шара барысы: Көптеген ата-аналардың бала тәрбиесіндегі басты сұрақтарының бірі – «Балалардың оқуға қызығушылығын қалай арттыруға болады?». Әсіресе, смартфондар мен планшетті қолдарынан тастамай ойнайтын бүгінгі балалардың оқуға қызығушылықтары еш оянбайтындай көрінеді. Мұндайда не істеуге болады? Кешке ұйықтар алдында қызықты кітаптың (ертегінің) бір абзацын, мүмкін болса, ондағы басты кейіпкердің сөзін немесе оған берілген мінездемені дауыстап оқу керек. Әдетте, балалардың ойында әр күннің соңғы оқиғалары жақсы сақталады. Ұйықтар алдында олардың көпшілігі дәл сол оқиғалар жайында ойланып жатады. Егер оқыған ертегілер ұнаса, оның басты кейіпкерін өзім деп елестетіп, оқиғаның жалғасын білуге қызығушылығы артады.
«Баланың кітап оқуға деген сүйіспеншілігін қалай оятуға болады?»деген тақырыпта оқушыларға ақпарат жүргізілді.Оқушыларға кітапты қай кезде қалай оқу керектігі туралы таныстырылды. Оқушыларды кітап оқуға қызықтыру үшін сұраққа жауаптар алып,түрлі ойындар ойындар ұйымдастырылды.
Қорытынды:Оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізілді.Қызықты ойындарды ойнап,кітап оқуға деген құлшыныстары артты деген ойдамын.Өткізілу әдісі:ақпарат
Қолданылған көрнекіліктер:әдеби,ертегі кітаптарҰсынылған кітаптар:әдеби кітаптар
Іс-шара мерзімі қашан,қайда?.2023жҚатысқаны: 6 «ә»сыныпБарлығы: 20




«№3 Хромтау орта мектебі» КММ –де кітапханашының жоспарына сай «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Ертегілер-мәңгілік даналықтың негізі»
Мақсаты:Балаларға ертегілер әлеміне еніп,жақсы көңіл –күй сыйлау.Балаларға тапсырмалар орындата отырып,ертегілер арқылы тілін,сөйлеу мәдениетін дамыту.Ертегі кейіпкерлерінің рөлін сомдау,ертегіні сахналауға үйрету.
Іс-шара барысы: «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында балалардың ертегілер әлеміне ену үшін 4 «а» сынып оқушыларының қатысуымен «Ертегілер - мәңгілік даналықтың негізі» тақырыбында өткен шарада оқушылар ертегілер түрлерімен танысып, ертегілерді дауыстап оқыды.Рөлдік ойындар ойнап, сахналық көрініс көрсетті.Сонымен қатар 3 «в» сынып оқушылары да ертегілерді дауыстап оқып,қызықты ойындар ойнап,ертегі кейіпкерлерін сомдай отырып,көрініс көрсетті.
Қорытынды: Ертегіні тыңдай отыра біз кейіпкерлермен бірге қуанамыз, ренжиміз. Мысалға алсақ бұрынғы ауыз әдебиеті қиял ғажайып ертегілерде батырларды ержүрек ақылды парасатты етіп көрсетсе, жан – жануарлардың бейнесін әр түрлі образбен сомдап көрсеткен. Ертегілерді оқи отыра, біз өзіміздің ішкі әлемімізді дамытып , шығармашылыққа машықтанамыз. Ертегілер өмір барысында тәртібімізді, қарым-қатынасымызды қалыптастырады,шыдамдыққа, қайсарлыққа, болашаққа міндеттер қойып, соған жетуге үйретеді. Қазақ ертегілері мейірімділікке, адалдыққа, әділеттілікке үйретеді. Жамандықтан, өтіріктен, зұлымдықтан аулақ болуға тәрбиелейді. Әрдайым татулық, бірлік, ынтымақ жеңетінін көрсетеді .Өткізілу әдісі: ертеңгілік Қолданылған көрнекіліктер: көрме кітаптарыҰсынылған кітаптар:ертегілерІс-шара мерзімі қашан,қайда? 2023ж оқу кабинетіндеҚатысқаны: 4 сынып оқушыларыБарлығы: 22

№3 Хромтау орта мектебі» КММ –де кітапханашының жоспарына сай 3 сынып оқушыларының қатысуымен «Мың бір мақал,жүз бір жұмбақ» сайысы өтті.

Мақсаты: Мақал – мәтел, жұмбақтар айту арқылы көркем, ұтымды сөйлеуге, қиыннан қиыстыра білуге үйрету.Ата – бабаларымыздың өсиетін қадыр тұтуға, мақал- мәтел, жұмбақ, шешендік өнер арқылы өз елінің тарихи шежіресін білуге, әдет – ғұрып, салт-дәстүрді сыйлауға баулу.№3 Хромтау орта мектебі кітапханасының жоспары негізінде балалардың күзгі демалысы кезінде бос уақытын тиімді өткізу мақсатында ата – бабаларымыздың өсиетін қадыр тұтуға мақал-мәтел, жұмбақ айту арқылы оқушыларды көркем , ұтымды сөйлеуге , қиыннан қиыстыра білуге үйретуде ата-бабамыздан қалған өшпес мұра мақал-мәтелдерді жатқа айту,жұмбақтарды шешу арқылы 3 сынып оқушылары «Мың бір мақал ,жүз бір жұмбақ» шарасына қатысты.Бұл шара бойынша оқушылар түрлі тақырыптарда мақал-мәтелдер айтып жарысты жұмбақтар шешіп бақтарын сынады Қорытынды:Оқушылар екі топқа бөлінді.Тапсырмалар бойынша берілген мақал-мәтелдер айтып жарысқа түсті. Сайыскерлердің білімдерін, тапқырлықтарын саралау үшін сөз кезегі әділқазылар алқасына беріледі. Жеңімпаздарды анықтап, марапаттайды.
Аталар сөзіменен өсіп өнген,Бабалар бұлағынан нәр алған.Даналар өсиетінен тәрбие алған Ұлылар тәрбиесіне тағзым еткенҰрпағымыз халықтың ғибрат еткен, уақыттарын бөліп, бүгінгі сайысқа қатысушыларды дайындаған сынып жетекшілеріне және қатысушыларға, көрермендерге үлкен алғысымызды айтып, қорытындылаймын.Өткізілу әдісі:сайыс Қолданылған көрнекіліктер:мақал-мәтелдер ,кітаптар,суреттерҰсынылған кітаптар: «Атадан қалған байлығым»,50 мақал-мәтелІс-шара мерзімі қашан,қайда? кітапханаҚатысқаны: 3 сыныпБарлығы: 8


«№3 Хромтау орта мектебі» КММ –де кітапханашының жоспарына орай 4 сынып оқушыларымен бірге «Кел ,балалар кітап оқимыз» тақырыбында шара өткізілді.
Мақсаты: Ыбырай Алтынсариннің қазақ әдебиетіндегі орны туралы оқушылардың білімін толықтыру,мәтіннің мазмұнын түсініп айтуға дағдыландыру ,сөздік қорын молайту.
Іс-шара барысы: №3 Хромтау орта мектебі кітапханасының жоспарына сай балалардың күзгі демалысы кезінде бос уақытын тиімді өткізу мақсатында 4 сынып оқушылары «Кел,балалар кітап оқимыз» тақырыбында балалар әдебиетінің атасы Ыбырай Алтынсариннің «Әке мен бала» әңгімесін дауыстап оқу арқылы суретті бейне -баянмен жұмыстанып өз ойларымен бөлісті.Оқушылар Ыбырай Алтынсариннің шығармасын жеке-жеке оқып,талқылап қойылған сұрақтарға жауап берді. Сурет бойынша әке мен бала арасындағы адамгершілік қасиеттері туралы суретпен жұмыс жасап белсенділік танытты.






Мақсаты: Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысының қазақ жерлерінің Ресейден дербестігін, бір орталыққа бағынған Қазақ хандығын орнықтыруды, оңтүстіктегі Қоқан хандығы қоластындағы қазақтарды азат етуді, қазақтар мекендейтін аймақтарды біріктіруді көздеген XIX ғасырдағы ең үлкен көтеріліс болғанын көрсету.
Іс-шара барысы:
№3Хромтау орта мектебі кітапханасының жоспары бойынша Мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы Кенесары Қасымұлының туғанына 220 жыл толуына орай Қазақстан тарихы пәнінің мұғалімі Қазбаева Шайзада Қалауовна 8 «б»сыныпта дөңгелек үстел ұйымдастырды. Оқушылар шараға толық қытысты. Кенесарының тарихта алар орнын,халқы үшін жасаған ерлік істері, халықты біріктіру жолындағы еңбегі туралы айтып, түсіндіріліп,оқушылар қысқаша өмір жолдарына шолу жасап сұрақтарға жауап беріп талқыланды.
Қорытынды:Кенесары тұлғасына жаңаша қарап ,оның шынайы бағасын беру ісі-Қазақстан Тәуелсіздік алғаннан соң,жаңа қарқынмен қолға алынды.Тарихшылар өз зерттеулерін жариялады.2002 жылы Кенесарының туғанына 200 жыл толуына орай,халықаралық ғылыми конференция өтті және « Кенесары хан» атты деректі фильм шықты.Астана қаласында ескерткіш қойылды.Осындай игі істер күн санап көп болсын.Біз

қазақ елінің жастары Кенесарының әруағына арнап өткізген дөңгелек үстелден аларымыз көп болса нұр үстіне нұр болып,атамздың әруағы риза болар еді. Кенесары есімі егемендікке қолы жеткен халықтың жүрегінде мәңгі сақтаулы.
Өткізілу әдісі:дөңгелек үстелҚолданылған көрнекіліктер: слайд материалдар,суреттер Ұсынылған кітаптар:Іс-шара мерзімі қашан,қайда?оқу кабинетіҚатысқаны: 8 сынып оқушылары



«№3 Хромтау орта мектебі» КММ –де кітапханашының жоспарына сай «Қыста кітап оқимыз!», «Кітап оқып жарысайық!» атты оқу марафоны өткізілді.
Мақсаты: Оқушылар қыстық демалыстарын кітаппен қызықты және пайдалы өткізу . Бос уақытында кітап оқуды ұнатқан оқушыларымыз өздерінің сүйікті шығармаларын оқып, білімдерін жетілдіріп, өздері оқыған ертегі, шығармаларының кейіпкерлерінің суретін салу арқылы қызығушылықтарын таныту.
Іс-шара барысы: «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында және балалардың қысқы демалысын,бос уақытын тиімді өткізу мақсатында «Қыста кітап оқимыз!», «Кітап оқып жарысайық!» тақырыптарында оқу марафондары бойынша сынып оқушылары өздері таңдаған,өздеріне ұнаған кітаптарды оқып,демалыс күндерін қызықты кітап оқуға арнап қызығушылықтарын арттыруда.9 сынып оқушысы Сисекенова Е. Ж.Түменбаев «Қардағы іздер»,7 «в»сынып Мұратбай Анель О.Бөкей «Қар қызы»,6 «а»сынып Қуантай Д. С.Мұратбековтың «Жусан иісі», 5 «ә» сынып Әбдісәлім М. Ы.Алтынсариннің әңгімелері, 4 «в» сынып Муханбеткалиева Н «Сатып алынған көлеңке»,2 «а» сынып Тлеуқара К «Жиренше шешен», 4 «в» сынып Муханбетқалиева С түрлі тақырыптағы кітаптар,5 «а» сынып Маратқызы Қ . Ы.Алтынсарин «Атымтай Жомарт», 4 «б» сынып Аймагамбетов А. «Жиренше шешен мен Алдар көсе»,4 «б» сынып Кәрімбай К. «Жиренше шешен», 2 «б» Шохан Н. «Жиренше шешен», 2 «а» сынып Сарсенгали Н. Қ.Шаңғытбаев «Сабалақ»,5 «ә» сынып Құдабаев М . О.Бөкей «Қар қызы»,1 «а» сынып Тойлыбек Н. «Құмырсқа мен елік»
Қорытынды: Болашақта кітап оқығандар, компьютерде отырғандарды басқарады. Осы шараға қатысу арқылы оқырмандарымыздың яғни оқушыларымыздың қысқы демалыстарын қызықты өткізіп жатқандықтарын көре аламыз.Өткізілу әдісі:кітап оқу марафоныҚолданылған көрнекіліктер:әдеби кітаптарҰсынылған кітаптар: Ж.Түменбаев «Қардағы іздер» ,О.Бөкей «Қар қызы», С.Мұратбековтың «Жусан иісі», «Жиренше шешен», Іс-шара мерзімі қашан,қайда? Қатысқаны: 5-6 сынып оқушылары




«№3 Хромтау орта мектебі» КММ –де кітапханашының жоспарына орай «Кітап оқып жарысайық!» кітап оқу марафоны ұйымдастырылды.Мақсаты: Оқушылар арасындағы оқырман белсенділігінің деңгейін арттыру.Үйдегі бос уақытты тиімді пайдалану.Жас ұрпақтың санасында оқу мен кітап мәдениетінің құндылығы мен маңызы туралы түсінігінқалыптастыру.Оқушылардың шығармашылық белсенділігін қолдау және ынталандыру.Іс-шара барысы: «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушылардың кітап оқуға деген құштарлығын арттыруда «Кітап оқып жарысайық!» атты оқу марафоны ұйымдастырылды. Кітап оқу марафонында сынып оқушылары өздеріне ұнаған кітаптарды оқып,мазмұнын қысқаша баяндап,оқырмандарды оқуға шақырады.
Қорытынды:Мектеп оқушылары өздері оқыған кітаптары бойынша оқу марафонын ұйымдастырды. "Әдеби кітап оқыған бала табысты әрі бақытты болады. Оқыған кітаптарымен бір-бірімен бөлісті. Өткізілу әдісі: оқу марафоны Қолданылған көрнекіліктер:әдеби кітаптар Ұсынылған кітаптар: Д.Исабеков,Қ.Қайсенов,С.Мұратбеков,М.ОмароваІс-шара мерзімі қашан,қайда?


Қатысқаны: 6-8 сынып оқушылар«№3 Хромтау орта мектебі» КММ –де кітапханашының жоспарына орай «Әкеммен бірге ітап оқу- қандай тамаша !» кітап оқу акциясы ұйымдастырылды.Мақсаты: оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру және әке мен балаарасындағы қарым – қатынасты нығайту

Іс-шара барысы: «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру және әке мен бала арасындағы қарым – қатынасты нығайту мақсатында «Әкеммен бірге кітап оқу- қандай тамаша !» атты кітап оқу акциясына оқушылар әкелерімен бірге өздеріне ұнаған сүйікті кітаптарын оқып, баяндайды,бейнебаянға түсіреді. Қорытынды: «Әкеммен кітап оқу қандай тамаша!» іс-шарасына үлес қосып, әкелерімен кітап оқуда. Басқа оқушылар да бұл шарадан қалыс қалмай , кітап оқуды қолға алды деген сенімдемін.Кітап оқу тіл байлықты арттырып, рухани дамуымызға зор үлес қосады. Барлық ата-аналарды балаларыңызбен кітап оқуға шақырамыз.


Өткізілу әдісі:акция Қолданылған көрнекіліктер: әдеби,ертегі кітаптар

Ұсынылған кітаптар:Алдар көсе ,ертегілерІс-шара мерзімі қашан,қайда? отбасында Қатысқаны: 3-7 сынып оқушылары





Оқушыларды кітап оқуға тарту,оқушылардың назарын кітапқа аударту,жаңа кітаптарды таныстыру мақсатында « Бәріміз бірге оқимыз » жоба негізінде 5«б» -6«в» сынып оқушыларымен үзілісте кітап оқу сағаты жүргізілді. Оқушылар кітапханаға келіп ертегі,әдеби кітаптарды бірлесіп бірге оқыды,жаңа кітаптармен танысты.


«Бәріміз бірге оқимыз» жоба негізінде Абай ақынның өлеңдерін жас ұрпаққа таныту,насихаттау мақсатында 4 «б» сынып оқушылары Аймырза Б,Асылбай Қ «Жазғытұры»,4 «а» сынып оқушысы Сұлтанкерей Нұрәділ «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» ,Қайырмағамбетов Ж «Ауру жүрек ақырын соғады жай», Леонти А «»Интернатта оқып жүр

Балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруда «Мен оқыған кітап» акциясы 4-7сынып оқушылары арасында болды. 7 «а» сынып оқушысы Нұрланқызы Ж .Қасым Қайсеновтың «Жау тылындағы бала»,7 «в» сынып оқушысы Саматова Ж .Мұқан Иманжановтың «Алғашқы айлар», 7 «б» сынып оқушысы Алпамысова С.Оралхан Бөкейдің «Өз Отыңды өшірме»,5 «в» сынып оқушысы Сейтжапар Ж «Алдардың алғашқы қадамы», 5 «в» сынып оқушысы Кунаева А «Алдардың сиқырлы тоны», 3 «в» сынып оқушысы Қуаныш К .Тұрдақын Жексенбайдың «Балбұлақ» атты кітаптарын оқып қысқаша мазмұнын баяндайды

«Кітаппен бірге өсеміз» тақырыбында даярлық топ оқушыларының қатысуымен оқу марафоны ұйымдастырылды.0 «ә» сынып оқушылары Абугалиева А «Тәтті дүние»,Азаматұлы Д «Әже»,Еркін А,Ә.Дүйсембиевтың «Шаштараз», «Кеме», Жақсылық К.Е.Өтетілеуұлының «Әдептілік әліппесі», Н.Шаяхметовтың «Әже»,Қанат Е «Ұстаз» , Қаирбек Ш. Ермек Өтетілеуұлының «Кеме», «Мақта қыз бен мысық», Махмут Әсемгул «Ең тәтті дүние»,Төрегалиев А . «Әже»,«Ақпан» М.Мақатаев, «Ақымақ қасқыр», Құрамыс Серіжан А.Шаяхметовтың «Бүгін болған» ,Амангелді Аянат өзі құрастырған ертегіні баяндады. 0 «а» сынып оқушысы Амантаева Айлин «Бауырсақ ертегісі»



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Бәріміз бірге оқимыз» атты жобабойынша 3- 4 сынып оқушыларының арасында «Менің сүйікті ертегім» аттысурет көрмесі ұйымдастырылды.Оқушылар өздері оқыған ертегілері және ертегікейіпкерлері бойынша 3 «ә»,3 «а»,3 «б» сынып оқушылары суреттер салды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жалпы мектепішілік «Бір сынып-бір кітап»акциясы бойынша барлық сыныптарға әдеби кітаптарды оқуға ұсынылды.Оқушылар ай бойы сынып болып кітапты оқып,сол кітаптың мазмұнын игергені бойынша шара өткізеді. 5 «а» сыныпқа Оралхан Бөкей «Тортай мінген ақ боз ат» кітабын оқып таныстыру жұмыстарын жүргізді.О.Бөкейдің өмір жолымен таныстырды.Шығарманың жазылуы туралы айтып өз ойларымен бөлісті. 5 «а» сынып білім алушылары жазушы,драматург ,Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығының лауреаты Оралхан Бөкейдің өмір жолымен таныса отырып, «Тортай мінген ақ боз ат» атты әңгімесін оқи отырыпТортайдың бастан кешкендері, соғыстан кейінгі қайғы –қасіреттері туралы баяндап,өз ойларымен бөлісті.

7 «а» сынып оқушылары Ұлы Отан соғысының батыры ,Қазақстанның халық қаһарманы , көрнекті жазушы Қасым Қайсеновтың «Жау тылындағы бала» атты туындысын оқи отырып , соғыс кезінде қазақ баласының басынан өткен өмірімен танысып, өз ойларымен айтып, бейнебаян тамашалап,суретпен жұмыс жасап сұрақтарға жауап берді

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Бір сынып-бір кітап» акциясы бойынша әр сыныпқа ай сайын оқуға кітаптар берілген болатын.6 «а» сынып оқушылары жазушы, халықаралық сыйлығының лауреаты,зерттеуші –ғалым Тұрдақын Жексенбайдың өмір жолымен шығармаларына тоқталып «Бала бүркіт»атты кітабын оқып өз ойларымен бөлісті.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Бір сынып-бір кітап»акциясы бойынша 8 «а» сынып оқушылары Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар»атты романын оқып таныстыру.Жазушының 1970 жылы шығарған романы.Оқушылар соғыстан кейінгі Ерболдың студенттік өмірі ,Меңтай мен Ерболдың махаббаты,басынан кешкен қиыншылықтары,отбасылық өмірі,Меңтайдың өмірден озуы туралы өз ойларымен бөлісті.



№3Хромтау орта мектебі «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Бір сынып-бір кітап» акциясы негізінде 9 «ә»сынып оқушылары Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың қаһармандық рухтағы шығармаларының бірі «Ақиқат пен аңыз»шығармасын оқып,Ұлы Отан соғысының даңқты қаһарманы,гвардия полковнигі Б.Момышұлының азаматтық ерлігі ,өмір жолы туралы баяндап,талқылай отырып сұрақтарға жауап берді.



«Бір сынып – бір кітап» акциясы бойынша оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын ояту мақсатында 8 «а» сынып оқушылары жазушы Сәбит Мұқановтың соғыстың ауыр кезеңіндегі мөлдір махаббатты бейнелейтін шоқтығы биік шығармаларының бірі «Мөлдір махаббат» атты шығармасымен танысып,талдау жасады,өз ойларын айтты.



«Бір сынып – бір кітап» акциясы бойынша 5 «ә» сынып оқушылары қазақ ауыз әдебиетінің кейіпкері ,ақылды айлакер Алдар көсе ертегісін оқыды. Түркі халықтарына танымал Алдар көсе туралы түрлі мағлұматтармен танысты ,дауыстап оқыды.Алдар көсе туралы мультфилмдер көрсетілд


«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 2-4-ші сынып оқушыларының оқыған ертегілері бойынша «Ертегілер не деген ғаламат!» тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру, көзқарастарын кеңейту,ойлау мен байқампаздығын дамыту. Көркем әдебиетті оқу арқылы жасөспірімдердің рухани және адамгершілік әлеуетін арттыруСурет салу дағдысын, логикалық ойлау, еске түсіру, елестету қабілеттерін және шығармашылығын арттыру. 2-4 - сынып оқушылары оқыған ертегілерінен қызықты сәттерді суреттеді. Оқуға құштар мектеп жобасы аясында кітапхананың жоспарына сай «Мен оқыған кітапты сенде оқы» атты оқырмандар керуені бойынша 3 «б» сынып оқушысы Қуаныш Кәусар кітапханадан алған «Жетім қонжық» атты кітапты оқып ,өз ойымен бөлісті. 4 сынып оқушысы Қосдаулет Даяна » Александр Беляевтың «Адам балық, 3 «б» сынып Қуаныш Кәусар «Алдар көсе» кітабы бойынша мазмұнын баяндап,өз ойларымен бөлісуде.4 «а» сынып Леонти Әсемай «Қазақстан халқы ертегілері »атты кітапты оқып,өзіне ұнаған «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісін баяндап берді.2 сынып оқушысы Бауыржан Фатима М.Мақатаев «Отан» өлеңін оқыды.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында ата-аналармен де тығыз байланыс орнату негізінде кітап оқуды насихаттау, қазақ ақындарының өлеңдерінің мағынасын түсініп, мәнерлеп оқу мақсатында 1-11 сынып ата-аналарының кітап оқуға деген қызығушылығын оятуда Бастауыш сынып ата-аналарына А.Байтұрсынов, А.Құнанбаев, Ж.Нәжімеденов тағы басқа ақындардың өлеңдерін оқуға, Орта буын оқушыларының ата-аналарына жазушылардың әңгіме,повестерін, ақындардың өлеңдерін ,батырлар жырын оқуға, жоғары сынып ата-аналарына жазушылардың романдарын,повестерін,Абайдың қара сөздерін оқуға ұсынылды.

Жалпы ата-аналар арасында кітап оқуды насихаттау үшін 3 «ә»сынып оқушыларының ата-аналары Мұқағали Мақатаевтың «Бақыт деген не өзі?» деген өлеңін оқуды ұсынды. 2 «а» сынып ата – анасы Абай Құнанбаевтың «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңін ата-аналар топтасып кезекпен оқыды.

5 «в» сынып оқушысы Қорғанбек Кәусардың анасы Раисова Ақмарал Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңін оқыса, 6 «Б» сынып оқушысы Амангелді Амансеріктің анасы Умарова Светлана М.Мақатаевтың «Ана» өлеңін оқуда.



Құрметті кітап сүйер қауым! Жазушы Бауыржан Момышұлы «Мен өзінің немерелеріне ертегі айтып бере алмаған ата-әжеден қорқамын» деген екен. Ертегі-ауыз әдебиетінің мұрасы.Қазақ халқымыз ертеден өз балаларына тәрбиені әңгіме,жыр,ертегі арқылы берген. №3 Хромтау орта мектебі «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Ертегі айтып берейін» тақырыбында 2-4 сынып оқушылары арасында ертегіні дауыстап оқу, баяндау шарасы жүзеге асырылуда. Жалпы оқушылар жеке-жеке және ұстаздарымен бірге оқыған ертегілерін баяндап,таныстыруда.



«№3 Хромтау орта мектебі» КММ –де кітапханашы мұғалімдер арасында кітап оқуды ұйымдастырды.Мақсаты: Жазушы Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығы мен өмірі жайлы мұғалімдер арасында насихаттау.Өлеңдеріне деген қызығушылығын арттыру.Іс – шара барысы:Математика пәні мұғалімдеріне Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларын оқуды тапсырылды.«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқырмандардың кітап оқуға құштарлығын арттыру мақсатында мұғалімдер арасында кітап оқуды насихаттауда математика пәні мұғалімдері жазушы,ақын, философ Шәкәрім Құдайбердіұлының өмір жолын баяндап, шығармаларын оқып,талқылау барысында өлеңдерін оқыды.

Қорытынды:Кітапхана оқырмандары Шәкәрімнің шығармалары арқылы өз ұлтының тарихына үңіліп,еліне деген сүйіспеншілік ,туған жерге деген құрметті сезінді.



№3 Хромтау орта мектебі«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітап оқуды насихаттау және оқуға шақыру мақсатында «Мен оқыған кітапты сен де оқы» тақырыбында оқырмандар керуені журуде.2 «Б » сынып оқушысы Есенғали Аймерей анасымен бірге «Ең қасиетті жеміс» атты ертегіні анасының оқып бергенін қалап, тыңдауда.2 «Б» сынып оқушысы Нұрғалиева Мадина анасымен бірге Абай Құнанбаевтың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін оқуда. 8 «А» сынып оқушысы Нұрлыбайұлы Нұрбақыт анасы Балықбаева Гүлнармен бірге Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» шығармасын оқып баяндайды.5 «а » сынып оқушысы Бексары Сезім жазушы Дулат Бабатайұлының «О,Ақтан жас, Ақтан жас» атты өлеңін ұсынған болатын.5 «а» сынып оқушысы Маратқызы Қарақат Дулат Бабатайұлының «О,Ақтан жас,Ақтан жас» атты өлеңін оқыды.




Ерекше білімді қажет ететін оқитын оқушымен жұмыс барысында кітаптарды таныстыру жұмыстары жүргізілді.



Мақсаты: Оқушылардың оқырмандық талғамын қалыптастыру ,күз мезгілі туралы түсінік беру,өлеңді тыңдап,өз түсінігін жүйелі айтып беруге баулу,табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру.

№3 Хромтау орта мектебі кітапханасының жоспарына сай «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында балалардың күзгі демалысы кезінде бос уақытын тиімді өткізу мақсатында «Әдебиет әлеміндегі күз» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Бұл шараға 8- 9 сынып оқушылары қатысты. Ақындардың күз тақырыбындағы өлеңдерін оқып,өз ойларымен бөлісті.Сап - сары маңай,Сап-сары тоғай ,Сәндедім менде Сары күзге орай дегендей күз кезеңі туралы қысқаша баяндады.8-9сынып оқушылары күз мезгілі, әдебиет әлеміндегі күз бағытында әр түрлі ойларын айтып,сұрақтарға жауап берді.Ақындардың күз туралы айтқан сөздерін айтып,өлеңдерін оқыды.«Әдебиет әлеміндегі күз» тақырыбында өткен шараға 8-9 сынып оқушылары қатысты.Күз бен әдебиеттің байланысы туралы айта келіп,ақындардың күз туралы өлеңдерін оқыды.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жалпы мектепішілік «Бір сынып-бір кітап»акциясы бойынша барлық сыныптарға әдеби кітаптарды оқуға ұсынылды. Оқушылар ай бойы сынып болып кітапты оқып,сол кітаптың мазмұнын игергені бойынша шара өткізеді. 5 «а» сыныпқа Оралхан Бөкей «Тортай мінген ақ боз ат» кітабын оқып таныстыру жұмыстарын жүргізді.Оралхан Бөкейдің өмір жолымен таныстырды. Шығарманың жазылуы туралы айтып өз ойларымен бөлісті.



- Әріптестердің өзара кәсіби дамуына, өзгеруіне, өзін-өзі жетілдіруіне, өзара тәжірибе бөлісу арқылы жаңаша жұмыс жасауына ықпал ету;
- педагогтарға жұмыс барысында туындайтын оқу-тәрбие мәселелерін шешуде инновациялық технологияларды таныстыру және қолдану арқылы педагогикалық көмек көрсету;
- қазіргі заманға сай білім беру жүйесіндегі өзгерістерді жүзеге асыру;
- қиындықтарды талдау- проблеманы қою және шешу – өздігінен білім жетілдіру-практикалық жаттығу сабақтары – педагогикалық қызмет- өз тәжірибесін жасау-талдау-тәжірибені дамыту перспективаларын анықтау - оны дағдыға жеткізу.

Қоғамдастықтың құрамында барлығы 19 мұғалім.Оның ішінде педагог-зерттеуші-3.Педагог-сарапшы-12.Педагог-модератор-1.Жоғары-3.



Қыркүйек айында «Табысты тәжірибе» мектебінің жұмыс жоспары құрастырылып бекітілді.**Акниязова Г.К мен Казиева М.З** отырыс өткізді.Отырыста қоғамның белсенді мүшесі бола отырып жетістікке жетуге болатыны туралы ақпараттар беріліп, мектебіміздің жоспарының тақырыбы мен мақсаттары мен таныстырылды.


Бастуыш буыннан **Кукенова Нурзинаш** «Қысқа мерзімді жоспарды құру» тақырыбында коучинг өткізді. Қысқа мерзімді жоспар туралы жалпы мәлімет берілді,түрлі пәндерден жоспарлар дайындау туралы айтылып, үйретілді.






Қазан айында «Lesson Study» - мұғалім тәжірибесін дамытудағы ынтымақтастық тәсілі тақырыбында математика пәнінің мұғалімі **Искакова Ж.М** отырыс өткізді.Отырыста Сабақты зерттеу мақсатында бірлесе жұмыс жасауға дағдыландыру үшін тәжірибесімен бөлісті.



Қарашада «Дарынды және талантты балалардың көшбасшылығын анықтау және бағалау» тақырыбында қазақ тілінің мұғалімі **Имекешова К.М** дөңгелек үстел отқізді.
Дарынды және талантты балалардың көшбасшылығын анықтап, олардың сын тұрғысынан ойлау дәрежесін арттыра түсу мақсатында маңыналармен бөлісті. Дарынды бала деген кім?,дарынды балалармен жұмыс түрлері , оларға қойылатын талаптар, дарынды балаларды қалай таңдау керек т.б сұрақтарға жауап берілді. Материалдар слайд арқылы көрсетіліп, түсіндірілді. Дөңгелек үстел ережесіне сай ортаға сұрақтар қойылып, жауап алынды. Қатысушылар қойылған сұрақтарға байланысты өз көзқарастарын айтты





Бастуыш пәнінің мұғалімі **Ерназарқызы Назипа** «Дарынды және талантты балаларды оқыту» тақырыбында зерттеу жұмысымен таныстырды. Талантты және дарынды балаларды анықтап , мұғалімдерге бағыт-бағдар берді.






Үстаздар өз зерттеулерін , әдістемелік нұсқаулықтары мен әзірлемелерін,қолданатын материалдарын және оларды ұтымды пайдаланудын жолдарын көпшілік назарына ұсынды.Әр тәжірибе алмасудаң соң,өзара пікір алмасып,сұрақтар қойылып, талқылаулар болды.

Желтоқсан айында информатика пәнінің мұғалімі **Акмурзаева А.Б** және орыс тілі пәнінің мұғалімі **Казиева М.З.** «Жаңа білімге заманауи көзқарас» тақырыбында коучинг өткізді.
Мақсаты: Әріптестерге бағдарлама бойынша теориялық мағлұмат беру,кеңесу, әріптестеріме жаңа әдіс-тәсілдерге көзқарастарын бағдар беру.
Бұл коучингте мұғалімдер топқа бөлініп ERG курсынының аясында үйретілген интерактивті жаттығулар жасауға арналған көптеген онлайн-ресурстарды қолдануға үйретті. Leningapps, wizer.me,download.Мысалы,LearningApps.org интерактивті тапсырмалар, модульдер (жаттығулар) арқылы оқыту процесін қолдауға арналған. Сонымен бірге оқытушы да, оқушы да дайын шаблондарды пайдаланып, интерактивті модульдер жасай алады. Осы қызметтің арқасында жасалатын интерактивті тапсырмалардың негізгі идеясы - оқушылар белгілі бір оқу пәніне деген танымдық қызығушылығын қалыптастыруға ықпал ететін білімдерін ойын түрінде тексеріп, бекіте алады.















Қаңтар айында білім беру жүйесіндегі негізгі талап- оқу сапасын арттыру және инновациялық технологияларды қолдана отырып,мұғалімдерге өздігінен шығармашылық жұмыс істеуге жетілдіру мақсатында бастауыш пәнінің мұғалімі **Косжанова М.А**. және орыс тілі пәнінің мұғалімі **Акниязова Г.К** «Ғылыми ізденістердің нәтижелерін баспаға жариялау» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Мысалы, баспаға баяндама,мақала, жоба, ашық сабақтар, әдістемелік құралдың жариялау және шығару жолдарына бағыт,бағдар берілді. Сонымен қатар жобаны неден бастау керектігі туралы, зерттеу жұмысының жоспарын құру, оның құрылымы туралы айтылды.Зерттеу күнделігін жүргізу, жетекшінің пікірі, аннотацияның (абстрактының) жазылуы туралы айтылып түсіндірілді.Үлгі ретінде баланың дайындаған жұмысын көрсетіп, өз тәжірибесімен бөлісті.








Бастауыш пәнінің мұғалімі **Таханова Ә.А** «Авторлық бағдарламаның құрылымы,авторлық бағдарлама дегеніміз не?» тақырыбында дөнгелек үстел откізді.

Мақсаты:Авторлық деп танылған бағдарламаны қолдануға әдістемелік кеңес ұсыну,авторлық бағдарламаның құрылымына бағдар беру».Мұнда авторлық бағдарлама дегеніміз не? Оның құрылымы мен әдістемесіне жалпы түсінік берілді. Титул парағы қалай жасау керек екені және бағдарламаны рәсімдеуге, оған қойылатын талаптар айтылды.Әріптестердің қойылған сұрақтарына жауап беріп , кері байланыс жасалды.




Ақпанда бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын әдіс-тәсілдер арқылы арттыра отырып, білім сапасын жетілдіру мақсатында «Бастауыш сынып оқшыларын әдіс-тәсілдер арқылы оқу сауаттылығын жетілдіру» тақырыбында **Маденова Д** және **Сарсенбаева З** семинар откізді.

Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруға, мәтінмен сауатты жұмыс жасауға жетелейтін интербелсенді әдіс-тәсілдерді орынды, сауатты қолдануға өз тәжірибелерімен бөлісті. Сабақ барысында қолданатын әр тұрлі әдіс-тәсілдер,ойын,интерактивті сілтемелер арқылы, оқу сауаттылығын жетілдіріп, білім сапасын арттырады.Мысалы: 2 сыныпта Қадыр Мырзаәлидің «Не үшін?» өлеңін оқымас бұрын оқушыларға мынадай суретті кесте таратылады екен. Тапсырмада: Өленді оқып, суреттегі дене мүшелері не үшін қажет екенін жазып шығу керек. Жұпта орындайды. Осы тапсырмаларды дұрыс құрастырып беретін болсақ, оқушыларымыз функционалды сауатты болып шығары сөзсіз.

Денешынықтыру пәнінің мұғалімдері **Жақсылыққызы Ү** және **Жумабаев С.М.** «Үйірмелердің жеке тұлғаны қалыптастырудағы рөлі» тақырыбында зерттеу жұмысымен бөлісті.Зерттеу жұмысының **мақсаты** :оқушылардың шығармашылық қабілеті мен дербестіктерін жан-жақты дамыту, бос уақытын ұтымды ұйымдастыруға, мұғалімдердің шығармашылық қызметін шыңдауға жол ашу.
Сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстардың кең тараған түрі – үйірме жұмысы. Оқушылар шығармашылық қабілеттерін жан-жақты дамытып, бос уақыттарында үйірмелерге қатысып, қызығушылықтарын арттырып жатыр.Біздің Мектепте тоғыз құмалақ, бес асық, волейбол, теннис тағыда басқа үйірмелер бар.Осы үйірмелерден оқушылар аудан, облыс,республика көлемінде жүлделі орындарға ие болып, өздерін биіктен көрсетті.
Наурыз айында «Ғылыми жоба жұмыстарың жазу тәртібі мен рәсімделуі»тақырыбында тарих пәнінің мұғалімі **Иманбаева Д.Е** зерттеу жұмысымен бөлісті. Оқушыларға жобаның тақырыбын таңдауға және оны орындау жоспарын әзірлеудегі практикалық көмегі, зерттеу әдістерін таңдауда көмек көрсетуге ,әдебиеттер мен нақты материалдарды іріктеуге жеңіл жолдарын ұсынды. Бір бірімізден кеңес сұрап,мәселелерді бірге талқыладық.

Сәуір айында «Оқушылардың оқу сауаттылығын арттырудағы интербелсенді әдіс - тәсілдердің тиімділігі қандай ? » Оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру үшін жазылым дағдысын дамыту арқылы тапсырмаларды жүйелі орындауға бағыттау мақсатында семинар болды. Мұнда **Бисембаева К** физика пәнінің мұғалімі. Физика сабағында қолданылатын жаңа әдіс – тәсілдерімен таныстырды.Мысалы, Үй тапсырмасын тексеру кезенінде

1. **«Қапшықтағы фасоль»** - Мұғалім сұрақ қойған кезде фасоль салынған қапшықты лақтырады. Бұл сұрау үдерісіне кинестикалық сипат береді және оқушыларды өз еркімен жауап беру үшін ниет білдіруге итермелейді. Сіз оқушыларға жауапты білмеген жағдайда сұрақты басқа оқушыға лақтыруына мүмкіндік бере аласыз. Сонымен қатар, бұл тапсырманы командамен шешуге де болады. Мұғалім кезек-кезекпен фасольды қапшықты әр командаға лақтырады. Егер де қапшықты қағып алған адам сұраққа жауап берсе, онда команда 3 балл алады. Егер де ол жауабын білмесе, қапшықты басқа командаға 2 балға лақтырады. Егер де қапшық тағы да кері лақтырылатын болса, онда дұрыс жауаптың құны 1 балға дейін төмендейді.

2. **«Коктель таяқшасы»** - оқушылардың қолында коктель таяқшасының қиындылары болады. Сол қиындылар арқылы өткен тақырыпты еске түсіріп түсінгендерін айтып коктелдің ұзын таяқшасын құрастырады.

3№ «Ойлан , жұптас , бөліс» -Оқушылар ойына келген жауаптарды немесе идеяларды барынша көп жазады (Ойлан). Одан кейін олар өз идеяларын әріптестерімен біріктіреді (жұптас) және соңында мұғалім бүкіл сыныптың идеяларын талқылауды бастайды (Бөліс).т.б әдіс-тәсілдер.
«Табысты тәжірибе" мектебінің жұмысының мақсатына сәйкес біздің әріптестеріміз өзара тәжірибелерімен бөлісіп, жаңаша жұмыс жасауға ықпал етті. Педагогтарға жұмыс барысында туындайтын оқу-тәрбие мәселелерін шешіп, инновациялық технологиялармен таныстырып және қолдану арқылы педагогикалық көмек көрсетілді.Казіргі заманға сай білім беру

жүйесіндегі өзгерістер жүзеге асырылды;Сонымен қатар әріптестеріміз аудан,облыс көлемінде дарынды оқушылармен жобаларын қорғап,түрлі сайыстарға қатысып,баспаға мақала,ашық сабақтарын жариялап өз тәжірибелерін жетілдірді.


ТАУЫШ БІЛІМ

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ ӘДІСТЕРІН БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ

«Ынтымақ» қоғамдастығы. Жетекшісі Коптенова Н М.

***«Ынтымақ»* қоғамдастығының жетекшісі**

Коптенова Нұрсұлу Мұхтарқызының жылдық бойынша жүргізілген жұмыстарының рефлексивтік есебі



Білім беруді жаңарту үнемі алға қарай ұмтылу мен дамыту үдерісі, бұл білім беруде кезең кезеңімен өтетін және алынған нәтижелерге бағытталған өзгерістер. Қоғамдағы жүріп жатқан өзгерістер, ғылыми техникалық прогресс және жалпы білім беретін мектеп құрылымының өзгеруі - жас ұрпақты тәрбиелеуді дамытып қалыптастыруды талап етеді. Кәсіби даму бағытында мұғалім жаңашылдықты қабылдай отырып, өзінің тәжірибесіне қорытынды жасап оқыту шеберлігін нығайтады. Заманауи оқыту әдістерін, білім технологияларын түсіндіру арқылы мұғалімдердің шыңдалуына, тәжірибе алмасуына, серіктестікте кәсібилікті дамыту білім беру жүйесін жаңартудың негізі болып табылады.
Мұғалім өзіндік дамуына кәсіби рефлексия жасай отыра, жаңа әдіс-тәсілдерді жетік меңгеруі қалыптасады, сапалы нәтижеге жетуге мүмкіндік береді.
Осы мүмкіндік барысында мектепішілік *«Ынтымақ»* қоғамдастығының жұмыс жоспары құрылып, бекітіліп, қоғамдастық мүшелеріне таныстырылды. Мектепішілік қоғамдастықтың мақсаты мен міндеттері, қоғамдастықтың жұмысын нәтижелерін бақылау, бағалау критерийлері мүмкіндіктері айқындалды. Білім әлеміндегі оңтайлы өзгерістер сапалы білімге жетелейді. Тек сол өзгерістерді қабылдап, өмірге жаңаша қарауды әр педагог ұғынып қабылдауы керек. Өйткені, осы оңтайлы өзгерістер білім сапасының артуына, оқушылардың саналы іс-әрекетпен дербес, белсенді жұмыс атқаруына, мұғалімдердің де жаңаша қызмет етуіне жол ашады деген ойда.
Мақсаты: Шығармашылықпен жұмыс істегісі келетін және жұмыс істей алатын, ынталы және тиімді еңбек ететіндер педагогтардың кәсіби дамуына ықпал ету.
Міндеті:

- Жаңартылған білім мазмұны бойынша озат педагогтардың теориялық- практикалық дайындығын ұштау, және білім беру үдерісін сүйемелдеу саласында олардың тәжірибе таратуын ұйымдастыру.

- Тәжірибелі педагогтардың практикалық қызметінің келесі алгоритмін іске асыру болып табылады: жаңа идея – сабақтарда қолдану, зерттеу – талдау – идеяның шығармашылық дамуы - тәжірибе тарату.

Мектептегі қоғамдастық – оқушылар жоғары жетістіктерге қол жеткізу үшін бірнеше мектеп арасында оқыту мен оқу үдерістерін жетілдіруге бағытталған көптеген іс-әрекеттерді жоспарлау, іске асыру мақсатында бірлескен Lesson Study тобы ретінде нәтижесін беруде.

Отырыста 2022 – 2023 оқу жылындағы қоғамдастықтың жұмыс жоспарымен таныстырылды. Онда қоғамдастықтың тақырыбын, мақсатын, басымдылықтары және күтілетін нәтижелері анықталды.

Қыркүйек айында ***"Пән бойынша күрделі тақырыптарды зерделеу"*** тақырыбында жоспарлау жұмыстары жүргізілді. Мұнда оқу барысындағы оқу дағдыларын білу және тәжірибе алмасу болды. Қазіргі әлемде білім қоғамның тұрақтылығы мен дамуының негізгі факторы ретінде қарастырылады.







Қазан айында I /ілгері/ деңгей мұғалімі Г.А.Мусина мен II /негізгі/ деңгей мұғалімі Н.М.Коптенова **«Оқу мен оқыту үдерісінің сапасын арттыру мақсатында сабақты тиімді жоспарлау»** тақырыбында шебер класс өткізілді.

Сабақ – педагогикалық туынды, мұғалімнің жұмысының көзге көрінетін негізгі бір бөлігі. Әрбір сабақ біртұтас педагогикалық үдерісті жүзеге асыруға бағытталады: оқыту, дамыту, тәрбиелеу. Сабақ сыныпқа кіргенге дейін оған алғашқы дайындықтан басталады және сабақ жоспарын дайындау – табысты сабақты құрылымдаудағы жауапты кезең.

Соңғы кезде Назарбаев зияткерлік мектептері ұстаздарының тәжірибесінен туындаған сабақ жоспарларының үлгісі нақтыланып, бұл құрылым smk.edu.kz сайты арқылы барлық мұғалімдерге таралып, мектептерге үлгі ретінде ұсынылуда. Мектеп мұғалімдерінің кейбіреуі сабақ жоспарлары оқу мақсаттарына сәйкес келмейді. Сабақ жоспары тікелей оқу мақсаттарынан туындайды. Сондықтан кейбір мұғалімдер сабақ жоспарын құрғанда оқу мақсатына сәйкес келмей, қателіктерге бой алдырады. Сондықтан сабақтың басты міндеті – оқу мақсатын жүзеге асыру болғандықтан, сабақ жоспары толығымен оқу мақсаттарынан туындайтынын білуде, қоғамдастық жоспарына сай ***«Оқу мен оқыту үдерісінің сапасын арттыру мақсатында сабақты тиімді жоспарлау»*** шебер сынып өткізілді.

Мақсаты: Мұғалімдер өздерінің іс-тәжірибесіне сүйеніп сабақ жоспарлайды, ұсынылған ресурстардың негізінде топта әзірленген критерийлердің көмегімен бағалайды.



Негізгі идеялар: Сабақты жоспарлау күнделікті мұғалімнің тәжірибесі болып табылады. Жоспарлаудың әдістері мен тәсілдерін білу, сабақтың мақсат пен міндеттерін нақты белгілеу сабақты интербелсенді етуге мүмкіндік береді.

Шебер сынып ***«Терең ойлану»*** деп аталатын тренинг өткізуден басталды. Мұғалімдерге сұрақтар қойылды:

- Мұғалімдердің тәжірибесінде тиімді сабақты ұйымдастыруда кездесетін қиындықтар қандай?

- Сабақты жоспарлау үшін сіз ең алдымен не істейсіз?
- Сабақты жоспарлауда қандай да бір қағидаттарға сүйенесіз бе? Неліктен?
- Сабақты жоспарлауда не нәрсеге көңіл бөлген жөн?
- Сабақтан кейін өзіңізге қандай сұрақтар қоясыз?

Мұғалімдер өздерінің пікірлерін айтып, талқылады. Жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алынған терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде өзін – өзі дамытуға, адамгершілік тұрғысынан өз бетінше шешім қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру міндетін атқару мұғалімнің педагогикалық шеберлігі мен кәсіби білімділігін, шығармашылдығын дамыту туралы да айтылды. Берілген сөз қиындылары бойынша «Өзгеру», «Жаңару», «Жүйелеу» топтарына топтастырылды.




Ой шақыру мақсатында ***«Үздік сабақтың алты белгісі»*** ассоциациясын құру тапсырылды.

1.Сабақ сәтті болуы үшін жетекші рөл мұғалімде емес оқушыда болуы керек.
2.Оқыту орынды, ақпарат беретін және мақсатқа бағытталған болуы керек.
3.Оқушыларға сабақ ұнайды және оларды өздерінің оқулары қызықтырады.
4.Оқушылардың табысқа қол жеткізуі.
5.Бағалау оқыту мен оқуға тиімді әсер етеді.
6.Мұғалімнің сұрақтары оқушылардың ойлау қабілетін ашады, айқындайды және кеңейтеді.

Әр топ сабақ сәтті болуы үшін жетекші рөл мұғалімде емес, оқушыда болуы керектігі, ақпарат беретін және мақсатқа бағытталған болуы керектігі, бағалай оқыту мен оқуға тиімді әсер ететіні және мұғалімнің сұрақтары оқушылардың ойлау қабілетін ашатыны туралы айтылды.

«Сабақты жоспарлауда басшылыққа алатын қағидаттар» таныстырылымы жасалды.


Еркіндік қағидаты: әрбір оқушының өзін таныта білуі мүмкіндігін шектемеу;
Серіктестік қағидаты: оқу үдерісінде мұғалім мен оқушының бір-бірімен түсініп, бірігіп әрекет жасауы, бірін-бірі қолдауы;
Сенімділік қағидаты: оқушының табысқа жетуіне деген өзіне сенімділігі, мұғалімнің сабақта оқушылардың жоғары жетістікке қол жеткізе алатынына сенім артуы;
Толеранттық қағидаты: оқушының жеке ерекшеліктерін ескеріп, оның өзіндік дамуына қолайлы орта жасау;
Шыдамдылық қағидаты: қолайсыз жағдайларды шиеленістірмей, ашуға бой бермей эмоциялық сабырлық жасау;
Мұнда белсенді сабақты жоспарлау, сабақ жоспарлау барысында басшылыққа алынатын материалдар Дэвид А. Колб ұсынған сабақтың мазмұнды құрылымы туралы түсінік берілді. Сабақ мақсаты анық, түсінікті түрде тұжырымдалуы, сабақ жоспарының әртүрлі компоненттерінің тиісті бөлшектерін қамтуы, жаттығулар мен тапсырмалар туралы толық ақпараттың ұсынуы, проблемаларды алдын ала көре білуге және анықталған дағдыларға қатысты шешім ұсынуы, қажетті материалдар мен ресурстарды пайдалануды жоспарлауы тиіс екенін мұғалімдер таныстырылым арқылы мағлұмат алды.

Бұл таныстырылымның нәтижесінде мұғалімдер сабақ мақсаты да, бағалау критерийлері мен тапсырмалар да осы бағытта құрастырылатынын, осыған орай оқу мақсаттары мемлекеттік стандарт болғандықтан, өзгертуге болмайтын, түсінді. Оқу мақсаттары оқу бағдарламасы мен ҰМЖ-дан алынып, тура сол қалпында ҚМЖ-да көрсетілетіні және оқушылардың барлығы да оқу мақсаттарына жетуі керектігі, мұғалімнің шешімі бойынша оқу мақсаттары бір немесе бірнеше сабақта қарастырылуы мүмкіндігі туралы түсіндірілді. Сабақ мақсаты дегеніміз оқушылардың сабақ нәтижесінде үйренетін дағдылары, білік пен білімі, оқушының сабақ бойы жасаған жұмысының нәтижесі. Сабақ мақсаты оқушының сабақта не жасағанын көрсетпей, оның сол әрекеттерді орындау нәтижесінде не үйренетіндігіне болжау жасайтыны, оқушылардың әрекеттері Блум таксономиясының деңгейлері бойынша белгіленетіні және сабақ мақсаттары оқу мақсаттарының негізінде жасалатынын білді.

«Оқу жоспары оқушыға бағытталады» мұғалімдерге топтық жұмыс берілді.

1 топ: Мақсатты қоя білу – сәтті сабақтың кепілі
2 топ: Сәтті сабақтың құрылымы
3 топ: Сабақты жоспарлауда табыс критерийлері







Мұғалімдер топта талқылып, сабақ жоспарын құру ұсынылды. Сонымен қатар, дескрипторлар берілді. Сабақ мақсаты оқу мақсатына сәйкес келді; Бағалау критерийі сабақ мақсатына сәйкес құрылды; Сабақтың жоспарланған кезеңдерін оқу мақсатына негіздеп құрды;

Топтық жұмыстың нәтижесінде мұғалімдер оқу мақсаттары арқылы сабақтарды жоспарлау барысында сабақтың мақсаты ескеріліп, оқушыларға олардың не істейтінін және олар қандай нәтижеге қол жеткізуге болатынтығы айтылды.


Ой толғауда «Оқу мақсаттарына сәйкес сабақты тиімді жоспарлау» бойынша 4 сыныптағы дүниетану пәні бойынша «Менің өлкемнің өнеркәсібі мен ауылшаруашылығы» тақырыбында қысқа мерзімді жоспар жасау тапсырылды.

1 топ: Сабақтың мақсаты, бағалау критерийлері, пәнаралық байланыс, алдыңғы білімді жоспарлау


2 топ: Сабақтың басы және ортасын жоспарлау

3 топ: Сабақтың соңы және рефлексия

Оқу мақсаты: 4.2.3.1 - өз өңіріндегі және Қазақстан аймақтарындағы адамдардың табиғи жағдайларға (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) байланысты шаруашылық іс - әрекетін талдау;







Мұғалімдер топта бірлесіп, берілген тапсырма бойынша сабақ мақсаты мен бағалау критерийлерін жоғары деңгейде құрып, олардың сабақты жоспарлауды түсінгендері байқалды.







Шебер сынып соңында мұғалімдерге «Өзін – өзі тексеру» парағы кері байланыс ретінде ұсынылды. Сонда мұғалімдер «Сабақты қалай жоспарлау керек екенін білдім» деген сұраққа «жақсы» деп 100% жауап берген. «Смарт мақсат, күтілетін нәтиже,табыс критериін түсіндім» деген сұраққа «орташа» деп 5%-ы, «жақсы» деп 90%-ы жауап берген. «Күтілетін нәтиже, табыс критериін ажыратып, табысқа жетелейтін сұрақтар қоя аламын» деген сұраққа 100% жауап берген. «Шебер сыныптан үйренгенімді сабақта қолданамын» және «Шебер сыныптан үйренгенімді әріптестеріме үйретемін» деп 100% жауап берген.






Қорыта келе, қазіргі талаптың басты міндеті – оқу бағдарламасы бойынша сабақ жоспарлау мұғалімнің өз сабағының жоспарын мақсатты құруына, кәсіби шеберлігін одан әрі жетілдіруіне септігін тигізеді. Сабақтың мақсаты оқушылар үшін олар орындайтын тапсырма мен оларды оқыту себептерінің арасындағы байланысты көре алуы үшін анық баяндалуы тиіс. Сабақ жоспарлауда мұғалімнен көп ізденушілікті, шығармашылықты талап етеді, сондықтан әр мұғалім сабақ жоспарын құрған кезде «Мен не ұтамын?», Оқушым не ұтады?» деген қағиданы естен шығармаған дұрыс. Сабақ жоспарын осы бағытта негіздеп құру қажет екенін мұғалімдердің осы коучинг барысында толығырақ түсініктері қалыптасты деп айтуға да болады. Оқу мақсаттары нені оқып-білу және нені бағалай алу керектігін көрсетеді. Егер нәтижесінде неге қол жеткізуіміз керектігін білмесек, оқу мен оқытудың табыстылығын бағалау да мүмкін емес. Бағалау критерийлері оқу мақсатына жетуге бағытталған қадамдар ретінде қарастырылады. Бағалау критерийлерін нақты анықтамай қалыптастырушы бағалауды тиімді жүргізу мүмкін емес. Сабақтың жоспарын құру барысында мұғалім белсенді оқу әдістерін ұтымды қолдану арқылы оқу мақсаттарының орындалуына барынша қол жеткізуді ұстанады. Мұнда оқу-танымдық үдерістің табыстылығына әсер ететін ынталандыру, жағымды психологиялық орта орнату, оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерін ескеру сияқты маңызды мәселелерді басты назарға алу керек.

«Зерттеу сабағын жоспарлау» тақырыбында серіктестік мұғалімдерімен Lesson study тобына арналған семинар өткізілді.


1.«Lesson Study тәсілі сабақты зерттеу әдісі» тақырыбында І/ілгері/ деңгей мұғалімі Мутигулина Нүргүл Сағынтайқызы коучинг өткізді.

Мақсаты: Оқушылардың оқуына көңіл аудара отырып, оқытуды жетілдіру, оқу-оқыту сапасын арттыру құралы ретінде Lesson Study тәсілін ұсыну. Коучингті психологиялық Коучинг «Алма» тренингімен басталды. «Мозаика» әдісі арқылы топтарға бөлінді. Коучинг басында «Lesson Study зерттеу сабағы» туралы қысқаша жалпы сипаттама берілді: оның тиімділігі, ерекшеліктері, қадамдары, мұғалім үшін маңыздылығына тоқталды. Коучингтің практикалық бөлімінде «Ақылдың алты қалпағы» әдісі бойынша алты топқа бөлініп, топтық жұмыс жүргізілді. *«Ақ қалпақ»:* Lesson Study тәсілі туралы не білесіз, қандай ерекшеліктерін атар едіңіз?


«Жасыл қалпақ»: Егер сіз осы әдістің авторы болсаңыз, не өзгертер едіңіз, басқа қандай жолдарын ұсынар едіңіз?

«Көк қалпақ»: Топтардың пікірлерін тыңдай отырып, талдауын қолдана отырып, қорытынды шығарыңыз. т.б. осы тәрізді топтарға сұрақтар берілді. Әр топ сұрақтарға жауап беріп, постер қорғап, өз ой-пікірлерін ортаға салды.






Коучинг соңында жалпы қорытынды жасалып, түйінді ойлар, идеялар айтылды. Коучингке қатысушылар бір-біріне қарама-қарсы тұрып, семинардан алған әсерлерін, білімдерін, түйген ойларын, қорытындыларын «Мен Астанаға форумға барғанда...» атты кері байланыс арқылы жасады, мысалы: «Мен қысқы демалыста Астанада өтетін педагогикалық форумға барғанда бүгінгі семинарда көрген «Балмұздақ» әдісі бойынша Lesson Study тәсілі туралы ойымды ортаға саламын» т.б.






Коучинг қатысушылары «Мен бәрін түсіндім, өзгеге көмек бере аламын», «Мен тақырыпты түсіндім, бірақ әлде де маған көмек керек» , «Мен тақырыпты түсіндім.





LS –ды өткізуге қарсы емеспін» деген сияқты ойларын стикерлерге жазып, плакатқа жапсыру арқылы рефлексия жүргізілді.

Коучингке қатысқан әріптестер: Ынтымақтаса оқыту - өзара іс-әрекет жасау әдісі, ал бірлескен, ұйымдаса, жұмыла істеген жұмыс нақты нәтижесін береді, мақсатқа жетелейді - деп семинар нәтижесін қорытындылады.

2.«Lesson Study зерттеу сабағын тиімді жоспарлау және өткізу» тақырыбында II/негізгі/ деңгей мұғалімі Қайырмағамбетова Бақзада Мерзинқызы іс – тәжірибесімен бөлісті.

Ой қозғау мақсатында «Lesson Study» қалай түсінесіз? «Lesson Study» - ді қандай мақсатпен жүргізу қажет-деп есептейсіз ? деген сұрақтар қойылды.

Әріптестер өз ойларымен бөлісіп, сұрақтарға жауап берді. Бақзада Мерзинқызы «Lesson Study» зерттеу тобының жұмыс жоспарымен, зерттелетін класс және зерттеу жұмысының тақырыбымен таныстырды. Топтаңы атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтылды және талданды.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі — оның жан-жақты білімінен, ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен өлшенеді. Білім сапасы – басты көрсеткіш десек, сол білім сапасын арттыру мақсатында қолданылатын түрлі әдіс-тәсілдерді атап көрсетуге болады. Сондай тәсілдердің бірі - білім кеңістігінде кеңінен танымал жапондық Lesson Study тәсілі. *«Lesson Study» тәсілі деген не?*

Lesson Study - мұғалімдер тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған ынтымақтастық педагогикалық тәсіл. Lesson Study - оқушылардың білімдерін көтеру мақсатында өткізіледі.

Lesson Study барысында мұғалімдер:

- Мұғалімдер тобы /кем дегенде 3 мұғалімнен/ қатысады;
- Сабақ жоспарларын бірлесе құрады;
- Үш деңгейдегі оқушыларды анықтайды;
- Зерттеуді, бағалауды, бақылауды, талдауды бірлесе жүргізеді.
- Оқушылармен сұхбат жүргізеді;
- Әріптестерімен бөліседі.

Деңгейлік бағдарлама бойынша жұмысты жандандыру, сол арқылы мектепішілік сараптау қорытындысы бойынша 5 сыныптырды орта буынға бейімдеу бойынша
5в класында әдістемелік көмек көрсету, білім сапасын арттыру мақсатында сонымен қатар пән мұғалімдерінің өзара тәжірибе алмасуын, кәсіби шеберлігін, бақылау дағдыларын дамыту мақсатында сынып жетекшісімен, мектеп психологымен бірлескен түрде «Lesson Study» тәсілі өткізіледі.

Lesson Study тобына қатысушы мұғалімдер:

1.Өтетілеу Ф.Қ. – биология пәні мұғалімі.
2.Жангожина А.У.- ағылшын пәні мұғалімі
3.Алдаберген Н.А. –қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі
4.Иманбаева Д.Е.- тарих пәні мұғалімі
Зерттеуге 4 адам қатысады.

Lesson Study өткізу үшін «Сабақта әдіс – тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту» тақырыбы таңдалып, одан күтілетін нәтиже анықталды:

- Берілген мәтіннен негізгісін сұрыптай алады;
- Өз бетімен тірек-сызбалармен, кестелермен, суреттермен жұмыс жасай алады;
- Оқыған материалдарына сүйене отырып, жоспар құра алады;
- Қосымша алынған материалдарды тақырыппен байланыстырып, өз бетімен талдай алады;
- Білім сапасы артады;

Lesson study – дің басты мақсаты: Оқушыларға білім алуға көмектесу; Топ мүшелерінің кәсіби дамуына ықпал ету.

Lesson study зерттеу сабағының тиімділігі:

- •Мұғалімдер арасында кәсіби диалогты қалыптастырып, дамытады.
- •Ұжымдық мәдениетті қалыптастырады.
- •Мұғалімдердің назарын оқушылардың білім қажеттіліктеріне аударады.
- •Бағдарламаны, ғылыми тұжырымдамаларды терең түсінуге көмектеседі.
- •Мұғалімдер кәсіби педагогикалық білімін дамытады.
- •Мұғалімдер сабақты бақылау және кері байланыс беру дағдыларын қалыптастырады.

- •Мұғалімдер білімның ғылыми мағынасына түсінеді және зерттеушілерге айналады.
- •Оқушының оқуы жақсарады.
- •Функционалдық сауаттылығы дамиды.
- •Қоғамға қажетті тұлға болып қалыптасады.
- •Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін жетілдіруге және тәжірибені дамытуға негізделген бірлескен, ынтымақтастық тәсіл;

Біздің бұрынғы тәжірибемізде сабақ жоспарын бірігіп құру, сабақты бірігіп зерттеу, проблемаларды бірігіп шешу деген болмаған еді. Топ мұғалімдердің кәсіби біліктілігін көтерудің, білімін жетілдірудің, тәжірибе алмасудың оңтайлы әдісі екеніне көз жеткіздік. Оқушы сабақты жақсы меңгеруі үшін бірнеше сабақ бойы түрлі әдістерді қолданып, бақылап, зерттеп, соңында тиімді әдісті анықтау арқылы жетістіккке жетуге болатынын түсіндік. . Лессон Стади оқушыға саналы білім беруді көздеген, бір мақсатқа жұмылған ұстаздар шеберханасы деп айтсақ, артық айтпаған болар едік.

Зерттеу сабағын жүргізу үшін:

Lesson Study – мұғалім тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған, сабақтағы іс-әрекеттегі зерттеудің ерекше үлгісі болып табылатын педагогикалық тәсіл.





Lesson Study тәсілі мұғалімдердің кәсіби шеберлігін жетілдіруге және тәжірибені дамытуға негізделген бірлескен, ынтымақтастық тәсіл

Сабақты зерттеу немесе зерделеу үдерісі екенін топ мүшелері де әбден түсінді. Сабақты зерттеу тәсілінің тұжырымдамасын айтып өтті.

«Ой талқы» әдісінде «Lesson Study» үдерісі қандай кластарға мектепте жүргізілуі керек?», «Ашық сабақ пен Lesson Study айырмашылығы қандай? деген сұрақтарға мұғалімдер нақты түрде жауап берілді.

Жоспар бойынша **«Қарым - қатынас - ізгілік пен адамгершілік бастауы»** тақырыбында мектепішілік семинар – тренинг өтті.




Әуелі мектеп психологы Изгалиева Маншук «Зейінді дамыту жаттығулары» бойынша психологиялық тренинг өткізді. «Зейін» деп психикалық әрекеттердің айналадағы

заттар және құбылыстарға бет алып, бағытталып түйдектелуін айтады. Зейін бізге сыртқы дүние заттары мен құбылыстарын анығырақ және ашығырақ сәулелендіру үшінпсихикалық әрекетіміздің оларға бет алып жинақталуымыз үшін қажет. **Зейінді дамытуға арналған жаттығудың мақсаты:** Мұғалімдердің қызығушылығын қарым-қатынас деңгейін, жаңа ортаға бейімделуін, ішкі энергиясын, лидерлік қабілетін анықтауды қамтамасыз етеді және де оқушы туралы жалпы мағлұмат алуға мүмкіндік береді.




Көру, есте сақтау, белсенді зейінді, оның шоғырлануын қалыптастыруға тапсырмалар орындалды. Мұ,плңмдер тапсырманы қызығушылықпен орындады.

Қарым – қатынас тақырыбында таныстырылым жасалды.

Қарым-қатынаста адам өзін еркін, сенімді, өзін тыңдатып, өзгені де тыңдай білуі қажет. Кез-келген адам сізбен қарым-қатынаста жеке пікірін айтуға, шешім қабылдауға құқығы бар. Мамандардың зерттеулері бойынша адамдар 55% ақпаратты сөз емес,іскерлік қарым-қатынастан, 38% ақпаратты дыбыстардың (тембр, ырғақтан т.б.), 70% ақпаратты сөйлеуден алады екен. Қарым-қатынаста адам саналы түрде дамиды, жетіледі. Адами қарым – қатынастағы игі әрекеттердің бірі – тіл табысу және өзара түсінісу болып табылады. Қолдан келгенше кикілжіңді болдырмауға әрекеттенген дұрыс. Тіл табысудың басты кілті болып – кешірім сұрау болып табылады. Басқа адамды түсіну оңай емес. Сондықтан біздің өмірде шиеленіскен кикілжіңді жағдайлар болады. Кикілжіңнің себебі, соқыр сенімдер, өзгертілген ақпарат, қызығушылықтардың келіспеуі болатындығын естен шығармаңыздар. Өмірде адамның ашулану, ызалану сезімін тудыратын әр түрлі жағдаяттар болып жатады. Сол жағдаяттар өзара адами қарым – қатынастың бұзылуына әкеліп соғады.

«Өзіңді білгің келсе….» тақырыбында жобалық тест жүргізілді. ***Мақсаты:*** мұғалімдер жобалық тест арқылы өздерінің мінез- құлықтары мен жекелік қасиеттерін біле алады. ***Нұсқау:*** А4 форматтағы ақ қағазға сурет салу ұсынылады. Сурет салу: тау, үй, ағаш, жол, сақина.


Тау – дөңгелек салынса, мінезі жұмсақ, мейірімді, сенгіш. Егер тау ұшты болса, өкпелегіш, тік мінезді. Егер аралас салынса – басында қар болса, өзгермелі адам.

Үй – суретте ағаш үй салынса, арманы орындалады. Егер бір терезе салынған болса өзіне жақын бір адам туралы көп ойланады. Егер бірнеше терезе болса және жапқыштары болса, ол тұйық, сақ адам. Үйдің төбесінде мұржасы болса, түтін шығып жатса, әңгімеге жақын, өсекқұмар адам.

Ағаш – біреу болса өзінің жолдасына ұнайды. Егер бірнешеу болса, балаларды жақсы көреді, оларға уақыт бөліп, көңіл аударады. Қоршаған әлемді сүйеді, қанша мықты әдемі салынса, сұлулыққа соншалықты құмар.

Жол – үйге жақын жатса, жолы жеңіл, алыс болса керісінше. Егер жол үйдің есігінен шықса, тапқан табысын үйге әкелетін, ал керісінше болса айналасына тарататын адам.




Сақина – көзсіз болса қонақ қабылдағанды, қонақ шақырғанды ұнатады. Көзі болса болашақты ойлайды, капитал жинайды. Неке жүзігі мықты отбасын білдіреді.

Болған соң салынған суреттеріне қарай талданды. Педагогикалық қарым – қатынасқа байланысты топтық тапсырма жүргізілді.

1 топ. Педагогикалық іс - әрекетте қарым - қатынастың маңызы қандай?

2 топ. Адамдармен дұрыс қарым-қатынас орнату үшін адам қандай сапаларға ие болуы керек?



3 топ. «Сені түсінсе – сол бақыт» деген тұжырымды қалай түсінесіздер?


1 топ: Әрбір адам әлеуметтік ортада өмір сүргендіктенбасқа адамдармен ақпарат алмасады, тәжірибесімен бөліседі, бірігіп ынтымақтастық қарым-қатынастарды сақтауға тырысады. Қарым-қатынас үнемі әлеуметтік, ұжымдық сипатта болатындықтан оны адамның қоғамдық ортаға бейімделуінің негізгі факторларының бірі деп қарастыруға болады. Олай болса,қарым-қатынас- қоршаған ортамен адамдар арасындағы байланысты тұрақтандырушы тетік.


Ғылымаралық ұғым ретінде қарым-қатынас-өзара іс-әрекеттер қажеттіліктерінен туындайтын және ақпараттармен алмасуды, өзара түсінісуді, қабылдауды қамтитын адамдар арасындағы байланыстарды орнатудың және дамытудың күрделі үдерісі ретінде қарастырылады деп жауап берді.



2 топ: Қарым-қатынас – бұл табыс пен өмірлік мақсаттарды іске асыруға жетелейтін негізгі құрал. Кеңес Одағында өмір сүрген адамдар, жақсы қарым-қатынастың қаншалықты маңызды екенін өткір сезінді. Өйткені, бірдеңеге қол жеткізу үшін таныс керек болды. Мысалы, ет сатушы сізге сүйек емес, жақсы ет сатқанын қаласаңыз, онда онымен жақсы таныс болуыңыз керек болған. Бүгін де жағдай қатты өзгерген жоқ – жақсы өмір сүру үшін барлық жерде танысың болғаны жақсы деп жауап берді.


3 топ: Адам армандап, мақсат қойып, жоспар әзірлеп, сол жоспар жолында дисциплиналы түрде өзін қадағалап нәтиже шығара білуі! Сол жолда ол түрлі кедергіге, қызықтар мен қиыншылыққа тап болады, соны бастапқы арманы үшін бұзып өтеді. Халқымызда сөз бар: "армансыз адам, қанатсыз құспен тең!". Адамдар нақты арман, мақсаты, қажетті білімі мен біліктілігі болмауы себепті рухани кризиске, жаманшылыққа, депрессияға ұшырайды. Мақсат болмаған соң әрекет те аз болады, әрекет тек өлместің күнін кешумен ғана шектеліп, алтын уақыты босқа кетіп, мына өмірдің қызығының дәмінен аз ғана татып көру ықтималдығы жоғары болатын сияқты. Әрбір мақсат жолындағы түрлі қиыншылықты жеңіп, нәтижені бағындыру, кейін оны еске алуы бір рақат сияқты. Ол арман жалғыз болғанмен, арман шеңберіндегі мақсат көп болуы мүмкін, мысалы: отбасын құру, оны асырау, бала-шағасына бір белесті бағындырып беру (тәрбие беру, денсаулығын қадағалау, қыдыртып-ойнату, оқу оқыту, секцияға жазып нәтиже шығарту, қадағалау), сол жолында комфорт жасау: сезондық киімдер, үй, көлік, бизнес жасау деп жауап берді.

2.«Оқушылардың зерттеушілік дағдысын дамыта отырып, қазақстан тарихы пәнінен білім сапасын арттыру» тақырыбында III/базалық/ деңгей мұғалімі Баймуратова Гүлназ Әлімбайқызы өз әс – тәжірибесімен бөлісті.



Соңғы уақытта табысты болу үшін мектеп оқушыларына білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет. Өйткені бұл оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін талап етеді. Бүгінгі таңдағы білім беру үрдісінде оқушылардың сабақта үйренетін дағдыларына назар аудару заман талабы. Себебі дұрыс оқып-үйрену және оқушының нақты тұлға болып қалыптасуы үшін оқушылардың сабақты меңгерудегі дағдыларын жақсы дамыту қажет. Осы орайда, білім – тәрбиесіз, дағдысыз берілмейтіндігін есте ұстаған жөн. Ендеше, мұғалім ретінде сабақ беру барысында сәтті болған іс-тәжірибеммен бөліскім келеді.Оқушыларға білім беру барысында және күнделікті сабақ беруде біз ATL (Approaches to learning) дағдыларын тиімді қолданамыз. Фокус үнемі оқушының дамуына негізделеді. ATL дағдылары Халықаралық білім беруде IB континиумын қамтыған бес категорияға топтастырылған. Осылардың ішінен зерттеу дағдысына толығырақ тоқталамын.

Зерттеу… Ең біріншіден зерттеу оқушының өзіне жақсы сұрақ қоя білуінен басталады. Сұрақтар деңгейіне байланысты үш түрлі болуы мүмкін.

Біріншісі, деректі. Деректі сұраққа жауап нақты болады.

Екіншісі, концептуалды. Бұл сұрақтың құрылымы да жауабы да кең түрде болады.

Үшіншісі, пікір-таласты. Яғни, атауы айтып тұрғандай пікір-таластар тудыратын жауаптарды қамтиды. Мәселен, Қазақстандағы әскери-өнеркәсіп кешені тақырыбына сәйкес, *Зерттеу сұрағы:* Неліктен Қазақстан ядролық сынақтар алаңына айналды? Жергілікті тұрғындарды құтқару мақсатында билікке қандай жолдар ұсынар едің ? Келесі ретте құрастырылған сұрақтарға байланысты іс-әрекет жоспарын жасау қажет. Ол қай күні, қай кезде? Қай жерде? Қалай? деген сұрақтарға жауап беретін кесте түрінде жасауға болады. Іс-әрекет жоспарын құрып алғаннан кейін сұрақтарға жауап табу үшін мәлімет іздеу. Мәлімет алу барысында міндетті түрде ақпараттық және медиа сауаттылық сақталуы тиіс. Мәліметтерге байланысты дәйек сөз және сілтеме жасау, келісімге сәйкес нақтыланған әдебиеттер тізімін құрастыру міндетті түрде жасалуы қажет. Әрбір оқушы БАҚ-тан (сонымен қатар сандық әлеуметтік медиа, ғаламтор жүйесі) және әртүрлі дереккөздерінен ақпараттарды жинауда ақпаратты сұрыптап алу этикасын сақтай отырып, зерттеу жүргізуі керек екендігін естен шығармау. Сонымен қатар, табылған ақпарат көздерінің негізін анықтап, әртүрлі ақпараттар арасында байланыс орната алуы да маңызды іс болып саналады. Ақпараттарды дұрыс ұйымдастыру барысында аргументтердің маңызы зор.


Жоғарыда аталған іс-әрекеттер жасалғаннан кейін оқушы барлық мәліметтерге талдау жасап, мәліметтерді білгілі бір жұмыс ретінде ұсынады. Жұмыстың өніміне демонстрацияны әртүрлі платформа мен форматта жасауға болады. Мысалға: постер, кластер, презентация, бейнебаян және т.б.

Барлық әрекеттердің соңында оқушы зерттеу жұмысына сәйкес қорытынды жасап қана қоймай, ойланып, кері байланыс бере және қабылдай алуы керек. Оқушы өзінің зерттеуіне байланысты рефлексиялық талдау жаза алуы тиіс. Зерттеу дағдысын оқушы бойына жақсылап дарытатын болсақ, білім сапасы да артады деген ойдамын. Өздеріңіз көріп тұрғандай, зерттеу дағдылары тек бүгінгі күнде білім алу үшін емес, болашақта да үлкен жетістіктерге жету үшін қажет.

Қорытындылай келе, француз қайраткері (Франсуа Рабле) «Адамға оқып – үйрену өмірде болу, өмір сүру үшін қажет» дегендей оқыту үрдісінде білім беру жүйесіндегі дағдылардың орны ерекше екенін баса айтып өткенді жөн көремін. Сол себепті, оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыру үшін «Оқушылардың бойындағы зерттеу дағдыларын дамыту» кестесін ұсынамын.




Семинар – тренинг соңында мектеп психологы «Шынайы болмысың қандай?» тақырыбында кері байланыс жүргізді.



Желілік қоғамдастығының жоспары бойынша **23 қаңтар күні** Қопа орта мектеп базасында **«Мұғалімнің фукционалды сауаттылығы – табысты оқушы кепілі»** тақырыбында №3 ХОМ, Қопа ОМ серіктес мектептер арасында семинар өткізілді. Семинарға 26 мұғалім қатысты.

1.««Мұғалімнің фукционалды сауаттылығы – табысты оқушы кепілі» тақырыбында Мусина Гүлжанат Әбдісадыққызы мен Коптенова Нұрсұлу Мұхтарқызы және шебер сынып өткізді. *Мақсаты:* Мұғалімдерге оқушының функционалдық сауаттылығын арттыруда коллабаративті орта, дағды қалыптастыруына бағыт беру; Сын тұрғысынан ойлауды іс-тәжірибесіне енгізуге ықпал жасау.

Оқу нәтижесі:

- Мұғалімдердің сын тұрғысынан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздеуі;

- PISA тапсырмаларын сыни ойлау арқылы бірлескен топтық жұмыста шешімін анықтауға үйренеді;

- Бағдарлама негізінде мәтінді жаңа форматта талдауға үйренеді,істі тәжірибесінде пайдалануға қадам жасайды.

Түйінді идеялар:


- Әлемнің қарқынды өзгеруі жағдайында мұғалімдерге қойылатын жаңа талаптар жөніндегі түсінігін қалыптастыру;

- Мұғалімдерді табысты жұмыс істеуге дайындау;




- Мұғалімдердің нәтижелі іс-әрекеттері негізінде оқушылардың оқуға қызығушылығын арттыру және алған білімдерін өмірде қолдана алуына бағыттау.

«Шебер сынып *«Мұғалімге қажет...» тренингі* арқылы басталып, мұғалімдер бүгінгі білім жүйесіндегі өзгерістер, яғни өзгеру қажеттігіне ой бөлісті.







Жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алынған терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде өзін – өзі дамытуға, адамгершілік тұрғысынан өз бетінше шешім қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру міндетін атқару мұғалімнің педагогикалық шеберлігі мен кәсіби білімділігін, шығармашылдығын дамыту туралы да айтылды. Шеңбер болып тұрған мұғалімдер «PISA»**, «**PIRLS»**,** «TIMSS» топтарына бөлінді. Шебер сыныптың тақырыбын ашу мақсатында «*Миға шабуыл» әдісі* арқылы *«Функционалдық сауаттылық дегеніміз не?», «Функционалды сауатты адам деп аталу үшін оқушы қандай дағдыларға ие болуы керек?»* сұрақтары қойылды.

1-топ: функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарымқатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. *2 – топ:* функционалдық сауаттылық баланың белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. *3 – топ:* Жас ұрпақты жан-жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейін жоғары етіп қалыптастырудың бірден бір жолы – оқушыға білімді терең игертудің тиімді әдіс – тәсілдерін іздестіру, шығармашылыққа жетелеу – деп жауап берді.


Мағынаны тану кезінде мұғалімдерге *«Функционалдық сауаттылықты дамыту - білім берудегі басты бағыт»* тақырыптық презентация арқылы түсінік берілді.








Функционалдық сауаттылық – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесуі, адамның мамандығын әрдайым жетілдіріп отыруы, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық фактор.


Функционалдық сауаттылық оқушылардың сыртқы ортамен қарым – қатынас жасау қабілеті, оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуінің шарты, оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытудың тетігі, оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі, әлеуметтік-мәдени дамуының өлшемі, білім, білік, дағдыларының құзыреттілікке ұласу жолы. Ол оқушылардың қатысымдық, ақпараттық, проблемалардың шешімін табу құзыреттіліктерінің бірлігінен құралады. Оқушылардың функционалдық сауаттылық мазмұны келесі құзыреттіліктерден көрінеді: – оқу, жазу сауаттылығынан; – жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығынан; – математикалық сауаттылығынан; – компьютерлік сауаттылықтан. Қазіргі таңда білім алушылардың оқу жетістігі екі жағдайда бағаланады. Олардың бірі – сырттай бағалау болса, екіншісі – іштей бағалау. Нақтылай түссек, іштей бағалау – оқу пәні бойынша оқыту сапасын диагностикалау және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты өлшеміне сәйкес жүзеге асырылса, сырттай бағалау – әрбір деңгейді аяқтау бойынша білім алушының оқу жетістіктерінің нәтижелеріне сәйкес, сондай-ақ халықаралық зерттеулерге TIMSS (Trends in Mathematics and Science Study) (бұдан әрі – TIMSS), PISA (Programme for International Student Assessment) (бұдан әрі – PISA) және PIRLS (Progress in International Reading Literacy Study) (бұдан әрі – PIRLS) қатысуы арқылы жүзеге асырылады. PISA халықаралық зерттеуі оқушылардың білім жетістіктерін бағалауды «математикалық сауаттылық», «жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы» және «оқу сауаттылығы» бойынша жүргізіледі. Оқу сауаттылығы – білім алушының жазба мәтіндерді түсіну, пайдалану, ойлау және өз мақсатына жету үшін оның мазмұнын қолдану, өз білімі мен әлеуетін дамыту, сонымен қатар қоғам өміріне белсенді қатысу үшін білімі мен мүмкіндіктерін дамыту қабілеті. Математикалық сауаттылығы – білім алушының әртүрлі жағдайда, өзі өмір сүріп жатқан әлемде математика рөлін анықтау және түсіну, жасампаз, мүдделі және ойшыл азаматқа тән дәйектелген математикалық пікір айту және математиканы қазіргі таңда, болашақта қажеттілікті қанағаттандыру үшін қолдана алу қабілеті.


Жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы – білім алушының нақты жағдайларда ғылыми әдіс көмегімен шешілетін, зерттелетін проблемаларды анықтау үшін, тәжірибе мен бақылау негізінде қорытындыға қол жеткізу үшін жаратылыстану білімін қолдану қабілеті. Мағынаны тану кезеңінде топтық жұмыс ұйымдастырылды.



1-ші топ: Функционалдық сауаттылық дегенімізді қалай түсінеміз?
2-ші топ: Оқушыларға PISA бағдарламасының сауатты оқу тапсырмасына қатысу үшін қандай дағды қажет? Сіз оны қалай ұйымдастыра аласыз?
3-ші топ: Функционалдық сауаттылықты дамыту аясында біліктілік қалай қамтамасыз етіледі? Проблемалық сұрақтар туралы ой қозғалды. Мұғалімдер белгілі бір уақыт ішінде функционалдық оқу сауаттылығымен танысып, оны жүзеге асырудың жолдарын қарастырып, бақылау және бағыттау жұмыстары жүргізілді. Берілген уақыт аяқталғаннан кейін топ мүшелері өз ойларымен бөлісіп, аудитория ішінде топтар бірін - бірі оқытуға мүмкіндік алды. Топтық жұмысты жүзеге асыру барысында өздері және бірін-бірі оқыту барысында кестелер, суреттер, ақпаратпен жұмыс істеу іскерліктерін арттыру сәтті жүзеге асты. Мұғалімдер өз ойларын дәлелдерімен жеткізіп, өз ойларын ортаға салды. *Практикалық бөлім кезінде* жаратылыстану сауаттылық бойынша ресурс материалдары берілді. Берілген тапсырманың критерийлерін жасап, дескриптор құрастыру болды. Мұғалімдер жаратылыстану сауаттылығы бойынша *PISA халықаралық зерттеуінің тапсырмаларын* шешіп, өз ойларымен бөлісті.
Шебер сынып соңында мұғалімдерге критерийлері бар кеспе қағаздары таратылды.





Пән бойынша функционалдық сауаттылықты қолдану маған қиындық тудыратыны, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда сабақ барысында пайдаланатындығы, пәндер бойынша функционалдық сауаттылық тапсырмаларымен танысқандығы, мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың әр түрлі әдіс- тәсілдерін білетіндігі айтылды. Сонымен қатар, функционалдық сауаттылықты арттыру жолдары туралы ойын айтты.



2.«Орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыру жолдары» - тақырыбында орыс тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Мутигулина Нүргүл Сағынтайқызы өзінің іс-тәжірибесімен бөлісті. Қопа орта мектебінің мұғалімдеріне өзінің тәжірибесімен бөлісу мақсатында күнделікті сабақтарында өткізіп жүрген жұмыс түрлерін практика жүзінде көрсетті. Орыс тілі мен әдебиет сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыру тікелей мәтінмен түрлі жұмыс жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан күнделікті сабақтарда «Ішкі және сыртқы шеңбер», «Мәтінмен диалог», «Джигсо» т.б әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыру мақсатында жұмыстанады.






«Ішкі және сыртқы шеңбер» әдіс-тәсілі күнделікті сабақта оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамытуға көп септігін тигізетін әдістердің бірі: ішкі шеңберге кластағы белсенді, күнде жақсы дайындықпен келіп, сабақ айтатын оқушылар, ал сыртқы шеңберде оқу деңгейі төмен, күнделікті сабақта белсенді емес, оқуға құштарлығы аздау оқушылар орналасады. Ішкі шеңбердегі оқушылар мәтін бойынша оқығандарын талдайды, анализ жасайды, әңгімелейді, мазмұнын айтады, салыстырады, қорытынды жасайды, пайымдайды, болжайды т.б, ал сыртқы шеңбердегі оқушылар ішкі шеңбердегі оқушыларды бақылау, қадағалау, тыңдау арқылы олардың іс-әрекетіне баға береді, іс-әрекетін талдайды, мақсат -

белсенді емес оқушыны бақылау, көргенін, естігенін айтқызу арқылы байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру, тіл байлығын дамыту, сөздік қорын көбейту, көрген-естіген нәрсесіне тірек сөздер көмегімен талдау жасату, сөйтіп өзін қоршаған ортаға, айналасына, социумға үйрету, бейімдеу, балалар әлеміне енгізу - яғни әлеуметтендіру.

«Мәтінмен диалог» әдісін сабақта тиімді пайдалану арқылы оқушыларды мәтін мазмұнын терең игеруге,оқиға желісін жан-жақты түсінуге, қабылдауға,образдарға талдау дағдыларын дамытуға, жіңішке, жуан сұрақтар қою арқылы сұраулы сөйлемдерді дұрыс құрастыруға, оған жауап алу арқылы байланыстырып сөйлеу, яғни айтылым дағдысын қалыптастыруға, оқиғаны алдын ала болжау арқылы баланың ой-қиялын ұштап, фантазиясын дамытуға үлкен көмегін тигізеді. Осы әдісті сабақта пайдалану арқылы бірнеше оқу мақсатын жүзеге асыруға болады.


«Мәтінмен диалог» жұмысын жүргізер алдында, мұғалім міндетті түрде оқушыға тапсырма шарттарын түсіндіреді, себебі әр сөйлем соңындағы тапсырма-әріптер не істеу керектігін, тапсырманы қалай орындау керектігін білдіреді, яғни әр сөйлем соңында белгілі бір тапсырма (оқиғаны болжау, сұрақ қою, жауап беру, тексеру, жауаптарды салыстыру т.б.) орындалады. Мысалы: В Древней Греции в одном из городов жил мальчик Милон. Он помогал родителям пасти скот.


- Ему очень хотелось участвовать в Олимпийских играх. **З**
- Чтобы стать сильным и ловким, он придумал вот что. **В**
- Милон выбрал у отца в стаде крохотного теленка. **З**
- Однажды утром он взвалил на плечи теленка и пошел на холм. **В, О**
- Ноги у мальчика дрожали, дыхание прерывалось. Когда Милон поднялся на холм и отдохнул, то уже привычно поднял теленка и пошел в обратный путь. **В, О**

Бұл жұмысты жеке, жұптық не топтық жұмыс түрінде жүргізуге болады.

Семинар соңында *«Менің ойым» әдісі арқылы кері байланыс* жүргізілді. Осы жүргізілген шебер сыныптан кейін мұғалімдер функционалдық сауаттылықты сын тұрғысынан ойлау арқылы дамыту жүргізу үшін берілген тақырыпты ашуда қарапайым тапсырмадан күрделі тапсырмаға көше отырып, бір тақырыпты бірнеше стратегия арқылы ашуға мүмкіндік ала отырып, тақырыпты жан-жақты ашуға және әртүрлі тыңдаушылардың әртүрлі дағдыларын дамытуға көз жеткізді.

1.«Іс-әрекеттегі зерттеу – оқытуды жақсартудың кепілі» тақырыбында шебер класс өткізілді.

Мұғалімнің біліктілігін арттыру - педагогиканың өзекті мәселелелерінің бірі. Білім сапасының кепілі – мұғалімнің кәсіби дайындығы мен шеберлігі. Білім алушылардың білім сапасының мұғалімнің кәсіби даму деңгейіне тікелей тәуелді болады. Біліктілік арттырудың мұғалімдерге күнделікті тәжірибесін зерттеу негізінде кәсіби дамуына ықпал ететін заманауи тәсілдер қарастырылған. Солардың бірі — іс-әрекеттегі зерттеу. Бұл тәсіл әртүрлі білім беру ұйымдарындағы педагогикалық үдерістің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл тәсілдің мәні және мазмұны бойынша тәжірибеге бағытталған. Мұғалімнің күнделікті оқыту тәжірибесін зерттеуі, өз тәжірибелеріне терең үңіліп, оған сыни көзбен қарап, өз жетістіктері мен кемшіліктерін талдау негізінде ***«Іс-әрекеттегі зерттеу – оқытуды жақсартудың кепілі»*** тақырыбында шебер сынып өткізілді.





Іс-әрекетті зерттеу мектеп мұғалімдерінің көкейінде жүрген мәселе осы деген оймен алынды. Шеберлік сыныпқа 31 мұғалім қатысты.

Мақсаты:

- Іс-әрекеттегі зерттеу тәсілінің мақсаты мен міндеттерімен таныстыру;
- Іс-әрекеттегі зерттеу тәсілі арқылы зерттеу жүргізе білуге машықтау;
- Жұмыстың баламалы бағыттарының идеяларын ұсыну және онымен бөлісу.



Оқу нәтижесі:



- Іс-әрекеттегі зерттеу маңыздылығын түсінеді;
- Пікірлерімен және тәжірибелерімен алмасады;
- Тапсырмаларды шешудің жолдарын бірлесіп табады;
- Тиімді әдісті қолдана отырып, оқушының іс-әрекетін зерттей алады;
- Мұғалімдердің жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеруіне ықпал ету арқылы , жаңалыққа құштарлығы оянады.

Түйінді идеялар: Сынып негізінде ACTION RESEARCH мәселені шешетін тәсіл болып табылады.

Шебер сынып *«Алақан» тренингі* арқылы басталды. Жасыл түсті алақанды көрсетеді, бір-біріне қол беріп амандасты. Сары түсті көрсеткенде бір -біріне тілек айтты.

Көк түсті алақан көрсеткенде есімінің алғашқы әріпі бойынша өз бойындағы жақсы бір қасиетін атады. Мұғалімдер «Өз қалауым» әдісі арқылы үш топқа топтастырылды. Қатысушылар өз еріктерімен топтасты. «Миға шабуыл» әдісінде мұғалімдер *«Сынып ішінде негізгі мәселені қалай шешімін?», «Мен нені дұрыс істемедім?», « Мен өзімнің жоспарлаған нәтижелеріме қалай жетемін?», «Сонда мұғалімдер нені зерттейді?»* сұрақтар қою арқылы өз ойларын ортаға сала отырып, шебер сыныптың тақырыбы ашылды. Мағынаны тану *кезеңінде «Іс-әрекеттегі зерттеуде деректермен жұмысты қалай ұйымдастыруға болады?»* тақырыптық слайд арқылы түсінік берілді.

Іс-әрекеттегі зерттеудің мәні, ол келесі қадамдардан тұрады: проблеманы айқындау, деректер жинау, жинақталған мәліметтердің талдауы және интерпретациясы, деректер негізінде әрекет ету; нәтижелерді бағалау, болашақтағы әрекеттерді жоспарлау.

Іс-әрекеттегі зерттеу кезеңдерінің сипаттамасы:

І кезең: проблеманы айқындау. Мұғалімдерде тәжірибе барысында бір емес, бірнеше өзекті мәселелер болатыны сөзсіз, дегенмен мұғалім анықталған бірнеше мәселенің ең маңыздысын таңдап алуы тиіс (мысалы, мұғалім өз тәжірибесінде топтық жұмыс тиімділігінің тиімсіздігін байқайды). Проблеманы айқындап болғаннан кейінгі мұғалімнің міндеті- зерттеу сұрағын тұжырымдау. Өз кезегінде зерттеу сұрағы оқушылардың нәтижелеріне, мектептегі

ахуал мен мектеп мәдениетіне, оқу үдерісіне қатысты болуы мүмкін. Тақырыпқа қатысты теориялық әдебиетті зерделеу- зерттеу үдерісінің маңызды бөліктерінің бірі болып табылады. Әдістемелік әдебиетке шолу жасаудың пайдалылығын растайтын үш себеп бар:

- ✓ Сіз таңдаған педагогикалық мәселеге қатысты басты идеяларды анықтауға көмектеседі.
- ✓ Қаралып отырған мәселе мен басқа пәндік салалар арасындағы байланыс туралы ақпарат аласыз.
- ✓ Осы тақырыпты зерттеумен айналысып жүрген басқа адамдардың зерттеу нәтижелерімен танысасыз.

II кезең: деректерді жинақтау. Жинақталған деректер белгілі бір сыныпта не болып жатқанын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл сатыда мұғалім зерттеуге қолайлы болып табылатын дерек жинау тәсілін таңдайды. Тәсіл таңдау барысында әрбір тәсілдің артықшылықтары мен кемшіліктерін ескерген жөн.

III кезең : деректерді түсіндіру/ талдау.

Мұғалім жинақталған деректермен танысып, анағұрлым жиі кездесетін және маңыздылығы жоғары сәттерді анықтайды. Мысалы, мұғалім 5 сынып оқушылары бойынша жинақталған деректерді талдау негізінде үздік оқушылардың оқуға деген ынтасының төмендігін анықтайды. Мұғалім бастапқыда бұнымен келісе алмай, осының дұрыс-бұрыстығына көз жеткізу үшін мектеп психологымен бірлесіп, қосымша зерттеу жүргізеді. Қосымша зерттеу нәтижесінде үздік оқушылардың оқуға ынтасының төмен болуының себептері анықталады. Оның себебі – сабақта сралаудың жүзеге асырылмауы, яғни сабақ жоспарлау барысында оқушылардың танымдық деңгейлерінің ескерілмеуі.

IV кезең: деректер негізінде әрекет ету, яғни негізгі мәселені шешуге бағытталған тәсілді енгізу негізінде сабақ жоспарлау және оны жүзеге асыру. Жоғарыда келтірілген зерттеу мысалын жалғастырсақ, үздік оқушылардың ынтасының төмен болу себептерін анықтап алған соң , мұғалім олардың сабаққа деген қызығушылығы мен ынтасын арттыру мақсатында сабақ жоспарына мақсатты түрде саралау тәсілдерін енгізіп, өз тәжірибесінде қолдану туралы шешім қабылдайды.


V кезең: нәтижелерді бағалау. Тәжірибенің жақсарғанын анықтау үшін, енгізілген өзгерістерді келесі сұрақтар мәнмәтінінде бағалау қажет:

- ✓ Шын мәнінде жақсару байқала ма және оны жинақталған деректер растай ма?
- ✓ Егер ойдағыдай жақсару, алға ілгерілеу болмаса, нәтижені жақсарту үшін оқыту тәжірибесіне қандай өзгерістер енгізу қажет?


VI кезең: болашақ әрекеттерді жоспарлау.

Проблемалық сұрақтарға ой қозғалды. Іс-әрекеттегі зерттеудегі деректерді басқару және талдау қадамдарын мұғалімдер түсінді.

Практикалық бөлімде «Мұғалімнің зерттеуі қандай болуы керек?» тақырыбында топтық тапсырма жүргізілді.





Мәселе: Оқушылар сабаққа нашар қатысады.

Тақырып: Топтық жұмыстарды пайдалану арқылы оқушылардың тәртібін жақсарту.


Зерттеу сұрағы: Топтық жұмыстар арқылы сабаққа қатыспайтын оқушыларды қалай ынталандыруға болады?

Күтілетін нәтиже: оқушылардың сабаққа қызығушылығы артады, топта жұмыс жасауға дағдыланады, оқушылардың тәртібі жақсарады.

Жоспар құру: топтық ереже құру, топқа бөлу әдістерін үйрету, алдын-ала тапсырма беру, рольдерді бөлу, бірлескен топтық жұмыстар ұйымдастыру және т.б.

Нәтижені талдау: Кері байланыс алу, рефлексия жасау, видеоға түсіру, оны талдау.

Әр топ өздеріне қатысты бір проблеманы анықтап, зерттеу тақырыбын, зерттеу сұрағын, зерттеу мақсатын, күтілетін нәтиже, әрекет жоспарын құрды. Мұғалімдер өз ойларын дәлелдерімен жеткізді, тұжырымдады және қорытындылап, тәжірибе алмасты.




«Пирамида» рефлексиясында мұғалімдер іс-әрекеттегі зерттеу еске сақтау керек маңызды бір нәрсе, көбірек білгіңіз келетін екі нәрсе, бұрыннан білетін үш нәрсе, үйренген төрт нәрсе туралы ойларын айтты. Іс-әрекеттегі зерттеу – өзгеріс енгізуге түрткі болатын проблемаларды қалыптастырып, оны шешуді қамтитын әлеуметтік жағдайлардағы оқыту үдерісі. Зерттеу мәселесі немесе сұрақ оқытуға немесе оқытудың өзгеруіне қалай әсер етуі мүмкін екендігін білді. Мұғалімдер іс-әрекеттегі зерттеуді бастау үшін нақты проблеманы анықтап, оның болжамды шешімі туралы және де зерттеуге келетін сұрақ тұжырымдалуы қажет екенін түсінді. Сыныптағы жұмысқа бағытталған көптеген іс-әрекеттегі зерттеу жобаларының мақсаты өзінің сыныптағы оқыту әдістемесіне өзгеріс енгізу болып табылатынына көз жеткізді.

2. Зерттеу жұмысы: «Тарих сабағында білім алушылардың функционалдық сауатылығын қалай дамытамын?».

II/негізгі деңгей мұғалімі **Иманов Нұрбек Қиятұлы** ***«Тарих сабағында білім алушылардың функционалдық сауатылығын қалай дамытамын?»*** тақырыбында зерттеу жұмысымен ой бөлісті. Тақырыпты **з**ерттеу үшін 7«ә» сыныбы алынды. *Мақсаты:* Тарих сабағында тақырыпты меңгертуде заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы білім алушылардың білім сапасын арттырып, бәсекеге төтеп бере алатын, білім деңгейі жоғары, ізденушілік – зерттеушілік қабілеті дамыған жеке тұлға тәрбиелеу. Оқушылардың адамзат қоғамының ежелгі заманынан бүгінгі күнге дейінгі даму тарихынан жүйелі білім негіздерін қалыптастыру.

Мақсатқа жету барысында төмендегі міндеттер алынды:

1.Білім алушылардың дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыру, оларға адамзат жинаған әлеуметтік рухани, адамгершілік тәжірибесін меңгерту;
2.Оқушыларды өз халқы мен басқа халықтардың мәдениеті мен тарихын, бүкіл адамзаттың мәдени мұрасын сақтауға тәрбиелеу;
3. Білім алушылардың бойында Қазақстандық патриотизм мен азаматтық сезімді қалыптастыру;


Күтілетін нәтиже:

Тарих сабағында әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық дербестігін дамыту, оның жеке тұлғасын қалыптастыруға болады;
Қызығушылық іс-әрекет түрлері төменнен жоғары қарай, кезекті түрде, белгілі- бір ретпен, жүйемен жүргізілуі нәтижесінде шығармашылығы дамиды;
Оқушыларды танымдық тапсырмаларды орындау мүмкіндіктеріне қарай топтарға бөліп, сәйкес жұмыс түрлерін таңдап, жүйелі жұмыс жүргізудің маңызы зор;
Оқызығушылық іс-әрекетте дәстүрлі емес әдіс–амалдар пайдалану интеллектуалдық қабілеттерін дамытып, оқу–танымдық және ғылыми ізденістер жасауға талаптандырады.
Тарих сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалай дамытамын?» - тақырыбында болды. Өзіме жүктелген осы тапсырма бойынша біраз жұмыстар атқарып, жүргізген зерттеу жұмыстарымдағы көтерген мәселелерімді төмендегі реттілікпен баяндаймын. Ең бастысы – «функционалдық сауаттылық дегеніміз не?», - «функционалдық сауаттылықты тарих сабақтарында қалай қолданамыз?», - «функционалдық сауаттылықтың оқушыларға тигізер пайдасы не?», - функционалдық сауаттылық әдіс-тәсілдерін қолдана отыра, тарих сабағында оқушылардың білім сапасын қалай көтеруге болады?» - т.б. осы қатарлы мәселелерін түсіндіріп, талқылап алдым. Біздің елімізде оқу-ағарту, білім саласында фунционалдық сауаттылық мәселесі Ғылым және білім министрлігінің № 832 қаулысымен «Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған бағдарламасы» негізінде қабылданды. Осыдан соң функционалдық сауаттылық мәселесі Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын (МЖБС) жаңарту мәселесі ретінде кіріктірілді.Функционалдық сауаттылық мәселесінде оқушылар пәннен теориялық білім алумен ғана шектелмей, шешілуі қиын мәселелерді шешу барысында стандартты емес шешімдер қабылдауға, алған білімдерін шынайы өмірде де қолдана білуге дағдыланулары тиіс. Білім алудағы қажеттіліктерді күнделікті сабақта қолдану, сапалы оқыту, оқытудың озық технологияларын тиімді пайдалану жолдарын меңгерту, зияткер,

рухани, адами тұрғысында дамыған, әлемдегі әлеуметтік өмірге бейімдеу. Функционалдық сауаттылықтың сипаттамалық белгілеріне мыналар жатады: Оқушылардың сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау қабілеті, оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытудың тетігі, оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі, оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделудің шарты, оқушылардың әлеуметтік-мәдени дамуының өлшемі, оқушылардың білім, білік, дағдыларының құзыреттілікке ұласу жолы.


Оқушылардың білім алуында функционалдық сауаттылыққа дамыту мәселесін зерттеу барысында үш мәселе басшылыққа алынды. 1.Не нәрсеге үйрену? 2.Қалай үйрену 3. Не үшін үйрену? Бірінші мәселеде оқушы – қағидалық мәселелер, нақты білік пен дағдыны үйренуі қажет. Екінші мәселеде оқушы – өздігінен, белсенді әрекеттер жасау арқылы, бірлесе жұмыс жасап, рефлексия арқылы үйренуі қажет. Үшінші мәселеде оқушы – адам болу үшін, тұлға болу үшін, азамат болу үшін, маман болу үшін үйренуі қажет. Функционалдық сауаттылық барысында оқушыға «қалай оқу керектігін үйрену?» - мәселесін айтар болсақ: «Мұғалім – оқушы, оқушы – мұғалім» қарым-қатынасында үйренуі тиіс. Нақтырақ тоқталар болсақ: Мұғалім – өзара әрекеттестік арқылы «ықпалдасу атмосферасын» түзетеді. Оқушы – өзін-өзі еркін ұстайды, ашықтыққа үйренеді. Мұғалім – оқу, білім алу, үйрену қағидасын ұстанады. Оқушы – өмір сүруге, еңбек етуге, қарым–қатынас пен жаңа нәрсеге үйренуге бейімделеді. Функционалдық сауаттылықта сонымен қатар сын тұрғысынан ойлау, талантты және дарынды балалармен қалай жұмыс жасау қажеттігі жөніндегі мәселелер де қарастырылған. Білім беру барысында оқушыларды сын тұррғысынан ойлауға дағдыландыру оқушының кең дүниетанымының ашылуына, оқушының тұлға ретінде өзіндік дамуына, өзіндік пікірінің қалыптасуына, жаңалыққа жаны құмар болып ізденімпаздық қабілетінің ашылуына, бірлесе оқып үйренуіне, бірлескен топтық жұмыс жасауына, коммуникативтік дағдыларының қалыптасуына жол ашады. Ең алдымен оқушылардан сабақ барысында қандай әдіс-тәсілдермен жұмыстанғанды ұнататынын білу үшін сауалнама алынды.





	Сауалнама сұрақтары	**ия**	**жоқ**	**кейде**
1	Сіздерге тарих пәні қызықты ма?	10/58	2/12	5/30
2	Сабақ барысында картамен жұмыс жасаған ұнайды ма?	10/58	5/30	2/12
3	Сіздерге тарихи деректермен жұмыс жасаған ұнайма ?	5/30	6/35	6/35
4	Тарих пәнінде мәтінмен жұмыс жасаған ұнай ма?	9/52	4/24	4/24
5	Сабақ барысында кері байланыс жүргізген ұнайды?	12/70	2/12	3/18



Оқушылардан сауалнама алынып, қорытынды жасалғаннан кейін, үш тізбектелген сабақ өткізілді. *Бірінші сабақтың тақырыбы: «1867-1868 жылғы реформалар».*
Бұл сабақты онлайн форматында өткізілді. Сабақта картамен жұмыс, жылдар сөйлейді тапсырмаларн қолданылды.
Екінші сабақ: «Қазақтардың 1860-1870жылдардағы азаттық күресі». Бұл сабақта оқушылармен тарихи сынақхат, дереккөздермен жұмыс, терминдермен жұмыс, ойлан тап кестесімен жұмыстар жасалды. *Үшінші сабақтың тақырыбы*: «Қазақстанда жаппай отаршылдық қоныс аудару саясаты». Оқушылар сабаққа белсене араласты. Бұл сабақта суреттер сөйлейді әдісі қолданылды. Оқушылар сабақтағы тапсырмаларды орындауда белсенділік танытты. Сабақ жоғары деңгейде өтті. Тізбектелген үш сабақты өткізіп

болғаннан кейін оқушылардан екінші сауалнама алынды. Бұл сауалнаманың нәтижесінде оқушы деңгейінің артқандығы, қызығушылығының жоғарлағаны байқалды.
Сауалнаманың қорытындысы бойынша білім алушылар тарих пәнінде қолданылатын әдіс-тәсілдердің барлық түрін де таңдаған. Пікірсайыс, интеллектуалды сайыстан 47% көрсеткішті белгілеген, бұл көрсеткіштен білім алушыларға осы әдістің қызықты болғаны жазылған. 7ә сынып білім алушыларының көбісі терминмен жұмысты 31% -ы белгілеген, бұдан байқайтынымыз тарих пәніне деген қызығушылықтың жоғарылығы. Жаңа сабақты меңгеруде бейнежазбалар нәтижесінде білім алушылардың 7 % -ы көрсеткішті көрсетіп отыр.



Қорыта айтқанда, оқушыларды шығармашылыққа, өз бетімен іс-әрекет етуге бағытталған тапсырмалар саны көбейгенде ғана, өз пікірін айта алатын, оны дәлелдей білетін, өмірге деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, үнемі ізденіс үстінде болатын, қоғам дамуына үлес қоса алатын, жан-жақты жетілген жас ұрпақ өкілдерін дайындауға болады. Демек, жаңа әдіс – тәсілдерді пайдалану білім сапасын арттырудың бірден – бір жолы болып табылады.

3.Зерттеу жұмысы: «Интербелсенді әдіс – тәсілдер арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалай дамытуға болады?».

III деңгей мұғалімі **Баймуратова Гүлназ Әлімбайқызы *«Интербелсенді әдіс – тәсілдер арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалай дамытуға болады?»*** тақырыбында зерттеу жұмысының қорытындысымен таныстырды. «Нені оқыту керек?» деген сауалға мемлекеттік білім стандарты жауап берсе, «Қалай оқыту керек?» деген сауалына жауапты тек мұғалім береді. Әр мұғалім оқу-тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу арқылы оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыруы керек. Оқушы мәліметті есту арқылы -10%, көру арқылы-30%, қарапайым әрекет арқылы-50%, ал белсенді іс-әрекет арқылы-90% естеріне сақтайды екен**.** «Маған айтып берсең-ұмытып қаламын, көрсетсең-есте сақтаймын, ал өзіме жасатсаң-үйренемін» деген көне қытай ғұламасы Конфуцийдің нақыл сөзі интербелсенді әдістердің маңыздылығын көрсетеді. Әрекет арқылы үйрету- қомақты нәтижелерге жеткізетін ең тиімді әдіс, өйткені адамның жадында бірінші мезетте тек өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасағаны ғана қалады. Ендеше, алынып отырған тақырыбым бүгінгі күндегі білім беру үрдісінің бір бөлігі ретінде, бастауыш сынып оқушыларына қойылатын талаптарға жауап бере алады. Тақырыптың өзектілігі де осында. Интербелсенді оқу/оқыту — “бірлесе үйрену немесе бірлескен әрекеттер” идеясын басты назарда ұстайды. Интербелсенді әдістерді тиімді пайдалану үшін мұғалім өз жұмысын жан-жақты жоспарлауы тиіс. Сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне, олардың иетербелсенді әдістемелермен жұмыс тәжірибесіне сәйкес келетін тәсілдерді пайдалану; оқушылар үшін тақырыпты игерудің «кілті» болатын интербелсенді жаттығуларды іріктеу; әрбір оқушының жұмыс қарқынын және оның қабілеттерін есепке алу; бір сабақта интербелсенді әдістердің бір-екеуін қолдану. Интербелсенді әдістерге мыналар жатады: проблемалық шығарма әдістері, презентациялар, пікірталастар, «миға шабуыл» әдісі, зерттеулер, іскерлік ойындар, рөлдік ойындар, «инсерт» әдісі, сахналау, тест сынағы әдісі, дебат, т.б



Ең біріншіден зерттеу оқушының өзіне жақсы сұрақ қоя білуінен басталады. Сұрақтар деңгейіне байланысты үш түрлі болуы мүмкін. Зерттеу сұрағы: Неліктен Апиын соғыстары осы күнге дейін қытай халқының есінде ? Цянлун императорға қандай кеңес берер едің ?
Іс-әрекет жоспарын құрып алғаннан кейін сұрақтарға жауап табу үшін мәлімет іздеу. Мәлімет алу барысында міндетті түрде ақпараттық және медиа сауаттылық сақталуы тиіс. Мәліметтерге байланысты дәйек сөз және сілтеме жасау, келісімге сәйкес нақтыланған әдебиеттер тізімін құрастыру міндетті түрде жасалуы қажет. Әрбір оқушы БАҚ-тан (сонымен қатар сандық әлеуметтік медиа, ғаламтор жүйесі) және әртүрлі дереккөздерінен ақпараттарды жинауда ақпаратты сұрыптап алу этикасын сақтай отырып, зерттеу жүргізуі керек екендігін естен шығармау. Сонымен қатар, табылған ақпарат көздерінің негізін анықтап, әртүрлі ақпараттар арасында байланыс орната алуы да маңызды іс болып саналады. Ақпараттарды дұрыс ұйымдастыру барысында аргументтердің маңызы зор. Жоғарыда аталған іс-әрекеттер жасалғаннан кейін оқушы барлық мәліметтерге талдау жасап, мәліметтерді білгілі бір жұмыс ретінде ұсынады. Жұмыстың өніміне демонстрацияны әртүрлі платформа мен форматта жасауға болады. Мысалға: постер, кластер, презентация, бейнебаян және т.б.
Барлық әрекеттердің соңында оқушы зерттеу жұмысына сәйкес қорытынды жасап қана қоймай, ойланып, кері байланыс бере және қабылдай алуы керек. Оқушы өзінің зерттеуіне байланысты рефлексиялық талдау жаза алуы тиіс. Зерттеу дағдысын оқушы бойына жақсылап дарытатын болсақ, білім сапасы да артады деген ойдамын. Өздеріңіз көріп тұрғандай, зерттеу дағдылары тек бүгінгі күнде білім алу үшін емес, болашақта да үлкен жетістіктерге жету үшін қажет.
Қорытындылай келе,

- ✓ Сыни тұрғыдан ойлау, сөйлеу дағдылары қалыптасады;
- ✓ Оқушыладың функционалдық сауаттылығы дамиды;
- ✓ Теориялық білімдерін практикада ұштастыра алады;
- ✓ Интербелсенді әдістер тиімді пайдалану арқылы білім сапасы артады;
- ✓ Оқу материалдарын тиімді меңгеруге бейімдейді.

Мектебімізде «Ынтымақ» қоғамдастығының жоспары негізінде **«Функционалдық сауаттылықты арттырудың тиімді жолдары»** тақырыбында семинар өткізілді.
Бұл семинарда функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – білім алушының ойлау қабілеттерін арттырудың үйлесімді жолы екенін түсіну. Семинарда әріптестер өз ойларымен бөлісті.



1.«Пәнді оқытуда жазылым дағдыларын дамытудың әдістері» тақырыбында көшбасшы мұғалім Мутигулина Нүргүл Сағынтайқызы өз әс – тәжірибесімен бөлісті.

Қазақ кластарында орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушының жазылым дағдыларын дамыту күрделі және маңызды мәселе болып табылады және мұғалімнен үлкен шеберлікті,біліктілікті, шығармашылық дайындықты талап ететін ауқымды жұмыс түрі. Жазылым дағдылары орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында келесі жолдармен жүзеге асырылады:



1.Эссе жазу

2. Белгілі бір тақырыпқа қатысты жазбаша әңгіме құрастыру

3. Мазмұндама жаздыру

4. Белгілі бір затты, құбылысты сипаттау немесе оқиғаның, құбылыстың себептерін түсіндіріп, жазбаша дәлелдеу мақсатында мәтін құрастыру

5. Сурет бойынша жазбаша әңгіме құрастыру (мысалы Ф. Решетниковтің “Опять двойка” немесе И. Шишкиннің «Утро в сосновом лесу» суреті бойынша)





6. Ресми-іс қағаздар үлгілерін толтыру- «Объявление», «Характеристика», «Заявление», «Автобиография», «Рецепты» т.б

Сонымен қатар ,орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушының жазбаша дағдысын, сауатты жазу әдетін қалыптастыру мақсатында **РАФТ стратегиясы, ПОПС-формуласы** бойынша жазбаша жұмыс түрлері жүргізіледі. РАФТ стратегиясы, ПОПС-формуласы арқылы оқушының сауатты жазу дағдысы ғана емес, шығармашылық қабілеті, жан-жақты терең, шапшаң ойлауы, функционалдық сауаттылығы, терең пайымдау біліктері де дамиды.

- **Р**-роль, ученик в роли Абая
- **А**удитория – современная молодежь
- **Ф**орма – монолог, письмо, обращение, диалог...
- **Т**ема – Не будь падким, когда манят соблазны.


Бұл әдіс бойынша оқушы белгілі бір рольге еніп, белгілі бір тақырыпта белгілі бір аудитория алдында ойын жүйелі, рет-ретімен жеткізуге, байланыстырып сөйлеуге үйренеді.



ПОПС-формуласы бойынша оқушылар «Почему снег белого цвета?», «Я люблю лето», «Мне нравится жить в селе» т.б тақырыптарда ғылыми не өмірден алынған аргумент, фактілер келтіре отырып,өз ойын-пікірін дұрыс жеткізуді, өз позициясын қорғауды, өз шындығына қарсыласының көзін жеткізуге, сендіруге үйренеді, сөз байлығы дамиды, сөздік

қоры молаяды, жалпы дәлелді, жүйелі, нақты, мәнерлі сөйлеуге, өзінің көңіл-күйін, ішкі жан-дүниесін, сезімін жеткізе білуге дағдыланады, топта немесе жұптасып дискуссия жүргізуге машықтанады .






Сонымен қатар, күнделікті сабақтағы «Закончите предложения», «Распространите предложения», «Полные,неполные», «Постройте середину текста», «Есть начало, нет конца», «Литературный диктант», «Письмо герою, другу», «Диалог с героем», «Монолог героя»т.б. творчестволық тапсырмалар, ойын-жаттығулар орындату, ресми іс-қағаздар түрлерін толтыру да оқушының жазбаша дағдысының қалыптасуына көп септігін тигізеді.

Әр жазбаша жұмысынан кейін міндетті түрде қатемен жұмыс (коррекционная работа) жүргізілуі тиіс, себебі ой-пікірін, позициясын жазбаша әдемі жеткізгенмен, оқушы тарапынан орфографиялық немесе пунктуациялық, лексикалық-сөздік (сөзді өз орнымен, ретімен қолданбау), яғни тілдік нормадан ауытқу сияқты қателер жіберіледі. Ережелерді, сөздердің дұрыс жазылу емлесін қайталату, жаттау, тыныс белгілерінің дұрыс қойылуын ескерту , орнымен дұрыс қолданылмаған сөздің синонимдерін, антонимдерін тапқызу, фразеологизмдерді жүйелі, орынды пайдалану – оқушының жазбаша сауатының дамуының кепілі.






Оқушылардың өзге тілде жазылым дағдысын қалыптастыруда басшылыққа алынды:


- Оқушылардың жазу тілін, сөйлеу мәдениетін жетілдіру;
- Кез келген ортада өздігінен ой қорытуға, шешім жасауына ықпал ету;
- Оқуға ынталандыру, жағдай жасау, коммуникативтік білік-дағдысын ұштау;
- Заман талабына сай қабілетті, сауатты тұлға қалыптастыру;
- Орыс әдеби тілінің лексикалық, грамматикалық, стильдік, тілдік нормаларын сақтау.








2.«Бастауыш сынып білім алушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда мәтінмен жұмыстың тиімділігі қандай?» тақырыбында белсенді әдістер арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мақсатында III деңгей мұғалімі Жаппакова Ақтолқын Жолболсынқызы зерттеу жұмысын ұсынды.





Зерттеу жұмысы 1 «А» сыныбына зерттеу жүргізілді. Сыныпта 23 оқушы бар. Зерттеу мақсаты бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдарын анықтау болды. Күтілетін нәтиже оқушылардың оқу дағдылары қалыптасады. 1 «А» сыныбынан алғашқы диагностика алынды.

1.Сен оқығаныңды өз сөзіңмен айтып бере аласың ба?
2.Сұраққа жауап бере аласың ба?
3.Мәтін бойынша сұрақ қою білесің бе?
4.Суретке әңгіме құрай аласың ба?
5.Ертегіні өз ойыңмен аяқтай аласың ба?




Нәтижесі оқушылардың көбі сұраққа жауап бере алатыны және сурет бойынша әңгіме құрай алатыны байқалды.Мәтін және сөйлем тарауы бойынша тізбектелген төрт сабақ өткізілді. Бірінші зерттеу сабағы әдебиеттік оқу пәнінен тақырыбы «Мұғалім» Оқу мақсаты: мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қою, сұраққа жауап беру. Сөйлеу барысында дауыс ырғағын, екпін, әуен, қарқын, кідірісті сақтау, ойды ым-ишара,қимыл арқылы жеткізу.







Екі таяқша әдісі Төрт сөйлем әдісі Мозайка әдісі Дауыстап ойлау әдісі


Екінші зерттеу сабағы әдебиеттік оқу пәнінен тақырыбы «Кітап оқудың пайдасы» Оқу мақсаты: мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қою, сұраққа жауап беру. Мұғалімнің қолдауымен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру, қатені түзету.






Сыннан сүрінбей өт Ертегіні сахнала Суретке әңгіме құра Ойлан тап!


Үшінші зерттеу сабағының тақырыбы «Саусақ жаттығулары». Оқу мақсаты сөйлеу барысында дауыс ырғағын, екпін, әуен, қарқын, кідірісті сақтау, ойды ым-ишара, қимыл арқылы жеткізу. Айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді көшіріп жазу және сету, есте сақтау арқылы жазу;



Сөздерді құрап айт Ертегіні жалғастыр Өз ойыңмен бөліс Досыңмен бөліс

Төртінші зерттеу сабағының тақырыбы «Наубайхана». Оқу мақсаты:тақырыбы мен иллюстрациясы бойынша мәтіннің мазмұнын болжау; мәтін, сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы бастапқы тілдік ұғымдарды түсіну; сөйлемді бас әріптен бастап жазып, соңына тиісті тыныс белгіні қою.








Кестені толтыр Мазмұнын айту Тақтамен жұмыс «Мерген» әдісі

Білім алушылардың мәтінмен жұмыс жасау дағдыларын дамыту арқылы шығармашылық ізденістерін, өзіндік ой-пікірлерін жетілдіру, игерілген ақпарат арқылы сыни ойлауы мен метатанымдық қабілеттерін арттыру. Сонымен қатар түрлі әдіс –тәсілдер арқылы жүргізілген жұмыстардың барлығы да оқушыларды өз беттерімен ізденуге үйретеді, ақыл-ойы мен дүниетанымын кеңейтеді, тілін дамытады.

Жалпы сыныптан қорытынды дианостика алынды. Мәтінді түсініп оқи аласың ба? Сұраққа жауап бере аласың ба? Мәтін бойынша сұрақ қою білесің бе? Суретке әңгіме құрай аласың ба? Ребус шеше аласың ба? деген сұрақтар қойылды.





Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту барысында мәтінмен жұмыс істеу, талдау әдіс-тәсілдерін қарастыру мақсаттары мен міндеттерін аша отырып: Мәтіннің мазмұндық құрылымы мен түрлерін ашу жолдарын, мәтінмен жұмыс істеу әдіс-тәсілдерін, мәтінді талдаудың алгоритімін құрастыру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда мәтінмен жұмыстың ролі ерекше маңызды.

Мәтін мазмұнын жан-жақты ашуда белсенді әдістер арқылы топтық, жұптық, жеке жұмыс түрлері, тақырыптар бойынша тілдік және мәтіндік талдау, сыни тұрғыдан ойлануға байланысты жағдаяттық тапсырмалар, шығармашылық тапсырмалар берілсе, оқушылардың өзіндік ізденісін де арттыруға мүмкіндік туады. Мәтінмен жұмыс жасау барысында тілдік (әңгіме, дебат, диалогтік оқыту, топтық оқыту, бірлесе оқыту), көрнекілік (танымдық, зерттеушілік, сюжеттік, деректі фильмдер көрсету, презентация) жасау арқылы сабақты қызықты, нәтижелі өткізу.

Ұсыныс

- оқушының сабақ барысында көңіл-күйіне назар аудару;
- өз ойын еркін жеткізуіне ықпал ету;
- қосымша әдеби кітаптарды оқу.


3. «PISA тапсырмаларын математика сабағында қолдану барысында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту» тақырыбында II/негізгі/ деңгей мұғалімі Қайырмағамбетова Бақзада Мерзинқызы математикалық сауаттылыққа байланысты PISA халықаралық зерттеуінің тапсырмаларын шешіп, коучинг өткізді.

«Функционалдық сауаттылық деге не?» сұрағы негізінде қызығушылығын ояту мақсатында миға шабуыл әдісі жүргізілді. Мұғалімдер өз ойларын айтты. Функционалдық сауаттылық - тұлғаның мектепте алған білімі, білігі мен дағдысын адамзат қызметінің әртүрлі саласында, сонымен бірге тұлғааралық қатынастар мен әлеуметтік байланыстарда кездесетін тіршілік міндеттерін жан-жақты шеше білу қабілеті ретінде түсіндірілді. Білім алушылардың оқу жетістігін сырттай бағалау аясында функционалдық сауаттылықтың мынадай түрлері бағаланады: оқу сауаттылығы (қазақ тілі, орыс тілі); математикалық сауаттылық; ғылыми-жаратылыстану сауаттылығы екені айтылды. PISA - білім алушылардың жетістігін халықаралық бағалау бағдарламасы. PISA - 15-жастағы білім алушылардың математикалық, жаратылыстану және оқу сауаттылығы деңгейлерін бағалайтын халықаралық зерттеу. PISA Халықаралық бағдарламасы оқушылардың оқу барысында алған білімдері мен дағдыларын түрлі өмірлік жағдайларда қолдана білу машықтарын, нақты бір оқу пәндерімен тікелей байланысты емес мәселелерді шешу біліктіліктерін бағалауға бағытталған. *Жобаның үйлестірушісі* Экономикалық Ынтымақтастық және Даму ұйымы (ЭЫДҰ) болып табылады. Зерттеу білім беру саласындағы жетекші халықаралық ұйымдардың қатысуымен іске асырылады. *Мақсаты:* барлық білім беру ұйымдарындағы 15-жастағы оқушылардың оқу, математика және жаратылыстанудан білім жетістіктерін анықтау.

PISA халықаралық зерттеуінің негізгі міндеті – білім беру саясатында ғылыми дәлелденген және жасампаздық шешімдерді шығару үшін білім беру саласындағы әлемдік басымдықтарды сипаттайтын зерттеу құралдарының негізінде объективті өлшеулер арқылы алынған айқын нәтижелерді талдау болып табылады. Оқушылардың білім жетістіктерін зерттеу негізгі үш бағыт бойынша жүзеге асырылады: «математикалық сауаттылық», «жаратылыстану сауаттылығы» мен «оқу сауаттылығы». Зерттеу оқушылардың оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын және интеллектуалдық қабілеттерін қолдана білу ептіліктерін бағалауға басым көңіл бөлінген. Оқушылар өмірлік жағдайларда кездесетін проблемаларға қатысады. Олар кешенді ойлануды талап ететін жоспарлау мен бағалауды, проблемаларды шешуді, дәлелдемелер келтіруді және шешімдер қабылдауды және т.б.қажет ететін тапсырмаларды орындайды. Зерттеу оқушылардың заттың терең мағынасын түсінуі мен себеп - салдардың байланысын, жан-жақты оқу әрекеттерін мен оқудың негізін құрайтын: шығармашылық тапсырмаларды шешу мен табу дағдылары, мәліметтерді талдауы және түсіне білуі тексеріледі.



Математика сауаттылығы бойынша тест тапсырмалары оқушының жеке ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған. Ол математикалық ойлаудан және құбылыстарды сипаттауға, түсіндіруге және болжау үшін математикалық тұжырымдамаларды, рәсімдерді, айғақтарды және құбылысты қолданудан тұрады. Зерттеу тұжырымдамасына сәйкес, әрбір тапсырма математиканың мазмұнды бөлімдерінің біріне сәйкес келеді: *сандар; кеңістік және форма; өзгерістер мен қатынастар; белгісіздік.*



Математикалық сауаттылық:

- математиканың әлемдегі рөлін анықтау және түсіну;
- әртүрлі формада берілген сандық ақпараттарды оқу, талдау, түсіндіріп беру;
- дұрыс негізделген математикалық пайымдаулар айту;
- есептерді шығарудың тиімді тәсілдерін табу, орындау, өзін-өзі тексеру, өмірмен байланыстыру;
- математикалық білімді өмірлік жағдаяттарда кездесетін түрлі мәселелерді шешуде еркін қолдану .

Математика сабағындағы негізгі сауаттылыққа мыналар жатады :

- Математика – ғылым болмысынан балама ұғымдар. Сондықтан да математика барлық ғылымдардың логикалық негізі – күре тамыры ретінде қарастырылады..
- Математика әлемде болып жатқан түрлі құбылысты, жаңалықты дұрыс қабылдап, түсінуге көмектеседі.
- Математиканың болашақ тұлғаны моральдық, эстетикалық және этикалық тұрғыдан қалыптастыруда да тәрбиелік мәні бар.

Математикалық сауаттылықты қалыптастыру үшін:

- теорияны білу , оны логикамен ұштастыру
- есепті шығаруда тиімді жағын көруге баулу

Оқушылардың математикалық сауаттылығының қалыптасуы «математикалық құзыреттіліктің» даму деңгейлерімен (танымдық салалармен) сипатталады:

- білу (еске түсіру);
- қолдану (байланыстарды орнату);
- ойлау (пайымдау).

Топтық жұмыс берілді. **1 -ші топқа:** Функционалды сауаттылығы жоғары оқушы қандай болады? Оны қалай анықтайсыз? **2 –ші топқа:** Функционалды сауаттылығы төмен оқушымен қандай жұмыс турлерін ұйымдастыруға болады? **3 топқа**: Функционалды сауаттылық не үшін қажет?

Әр топтан қатысушылар өз ойларын ортаға салды, бірін- бірі бағалады. Содан кейін PISA зерттеуінің тапсырмалары жаратылыстану, математика және оқу сауаттылығы бойынша айтты. PISA зерттеуінің тапсырмаларынан жаратылыстану, математика және оқу сауаттылығы бойынша мысалдар арқылы түсіндірілді. Әр топқа PISA зерттеуінің есептері берілді. Мұғалімдер PISA зерттеуінің тапсырмаларын ауызша түрде орындады. Коучинг соңында «Аяқталмаған сөйлем» әдісі арқылы кері байланыс жүргізілді.

- PISA оқушылардың оқу жетістігін бағалаудағы .....
- Функционалдық сауаттылық түрлері .....
- Логикалық тапсырмаларды мен .....
- Коучингтен менің білгенім .....
- Мен бүгін өзіме .....
- Бүгінгі коучингтен түйген ойым .....

Мұғалімдер коучингтен білгендерін, ойларын айтты.

4. «**Жоғары сынып оқушыларына кәсіби бағдар беру мәселелері»** тақырыбында II деңгей мұғалімі Иманов Нұрбек Қайырбекұлы мамандық таңдауда дұрыс бағдар беруде 11 сынып білім алушыларына өткізген тренинг бойынша ой бөлісті. Жалпы білімнің басты үш міндеті бар олар: баланың өзіндік жалпы дамуын, жан-жақты дүниетанымын қамтамасыз ету, және оны болашақ белгілі бір кәсіпке даярлау. Осы үш міндеттің ішінде қоғамдық даму күрделенгенсайын баланы жастай алдағы кәсіпке бағдарлай әзірлеу – ең көкейкесті мәселеге айналып отырғаны дәлелденді.Қазіргі кезеңде жалпы білімнің міндеті – баланың жалпылама дамуын қамтамасыз ету ғана емес, ең бастысы оларды жастай өз қабілеті мен қызығуына қарай белгілі бір мамандыққа арнайы бағыттай білу.

Мақсаты: Оқушылардың өмір туралы, мамандықтар туралы көзқарастарын дамыту, адал мамандық таңдауда дұрыс бағдар беру.

Міндеті:


- Мамандықтарды талдай білуге үйрету.
- Оқушының өзінің қабілетін, бейімін, қызығушылығын мамандыққа сай тани білуге үйрету;





Мамандық таңдау мәселесі — адам өміріндегі ең күрделі және жауапты қадам. Мамандық таңдау әрбір адамның мұқиятылығы мен жауаптылығын қажет етеді. Мамандық таңдау барысында жас түлек «Мен қалаймын», «Менің қолымнан келеді», «Маған керек» деп, өз қабілеттіліктерін, ішкі сенімдері мен нақты мүмкіндіктерін ескеру қажет.Ұнайтын мамандықты таңдау және өмір бойы өзіңізді қамтамасыз ету үшін алдымен адам өзін танып, мұқият

зерттеу қажет. Ең алдымен қызығушылығыңызды, бейімділігіңізді, мінез сипаты мен физикалық мүмкіндіктеріңізді жақсы түсіне алу керек. Негізгі қасиеттеріңіз бен байқалмайтын қасиеттеріңізді анықтау қажет. Ары қарай өзіңізге сәйкес келетін мамандықтарды таңдау кедергі туындамайды. Осыдан кейін ғана мектеп бітіруші жас түлектің «Сен де бір кірпіш дүниеге, тетігін тап та бар қалан» - деп Абай атамыз айтқандай өмірден өз орнын тауып, болашақта жақсы маман иесі болуына жарқын жол ашылады.

Кәсіптік бағдар беру тренингімді ары қарай жалғастыру барысында түрлі ойындар, жаттығулар, ситуациялық сұрақтар, ойларын ортаға салып ой бөлісу, психологиялық тренингтер, иа/ жоқ тест сұрақтары, сауалнамалар өткіздім. Осы әдіс-тәсілдерді жүргізу барысында қорытынды нәтижелеріміз нақты, дұрыс болу үшін оқушыларға тапсырмаларға барынша шынайы болу қажеттігін түсіндіріп өттім. «Ең.....мамандық....» ойыны. Бұл ойын барысында оқушыларға мынадай сұрақтар қойылады: - Ең ақшасы көп мамандық.... – Ең жасыл мамандық..... – Ең тәтті мамандық..... – Ең жауапты мамандық..... – Ең салмақты мамандық..... – Ең қарым-қатынасы күшті мамандық..... Оқушылар осы сұрақтарға жауап беріп, өзінің таңдаған мамандығының осы мамандықтарға қатысы бар немесе жоғын анықтайды. Бұл ойынның мақсаты – оқушыларға өздері таңдаған мамандықтарына басқаша көзқараспен қарап, өзгеше ой салу. Келесі өткізген тренингім «Мамандықтың бәрі жақсы» деп аталады. Бұл тренингтің басты мақсаты: Оқушылар мамандық түрлерін, олардың атқаратын қызметтерін, адам мен қоғамға пайдасын, жақсы жақтарын талдап, саралауға үйреніп, меңгереді. Тренинг өткізу барысында 10 оқушы ортаға шығып, қолдарына бір-бір парақтан ақ қағаз алып шығады. Ақ қағазға өздерінің таңдаған болашақ мамандықтарын жазады. Содан кейін болашақ мамандықтарын таңдауларына не әсер еткенін, не себепті бұл мамандықты таңдағандарын жеке-жеке айтып шығады. Келесі кезекте таңдаған мамандықтарының қоғамға, еліміздің болашағына тигізер пайдасы жөнінде өз ойларын айтып шығады. Осылайша, оқушылар болашақ мамандықтарын таңдауда біршама бағыт бағдар алады. Осыдан кейін оқушыларға мамандық таңдау мәселесіне байланысты түрлі сұрақтар қойылып, оқушылар ол сұрақтарға жазбаша жауап береді. Ситуациялық сұрақ. (Оқушылар өз пікірлерін ортаға салады). 1.Мен хирургпын. Шарты: Ауруханада 5 емделуші бар. Олар: 1.Бес айлық қыз бала. 2.Алты жасар дарынды бала. 3.Көп балалы ана (10 баласы бар, 70-тегі ана) 4.Қаңғыбас 5.Құрылысшы. Жүрек біреу. Осылардың қайсысына операция жасар едің. Біреуін ғана таңдауың қажет. Таңдау арқылы оқушылар өздерінің рухани байлық дәрежесін анықтайды. Тест. 1.Мамандық бір ақ рет бірдола таңдалады деген дұрыс па? иа/жоқ 2.Мамандық таңдау қалтаның қалыңдығына байланысты ма? иа/жоқ 3.Мамандық таңдау адамның қабілетіне, бейімділігіне байланысты ма? иа/жоқ 4.Отбасы мен достарыңның ақылына сүйеніп мамандық таңдауға бола ма? иа/жоқ 5.Қартайғанда мамандық таңдауға бола ма? иа/жоқ 6.Жақсы білім алу үшін, қымбат оқу орнына түсу керек пе? иа/жоқ 7.Ақша болса мамандық керек емес деген пікірмен келісесің бе? иа/жоқ 8.Мамандық таңдаудағы басты өлшем – қызығу мен қоғамдық сұраныстың сәйкестілігі ме? иа/жоқ 9.Таңдайтын мамандығыңды болашақ табысың анықтай ма? иа/жоқ 10.Мамандық таңдау – күн көрістің қамы ма? иа/жоқ 11.Мамандық таңдауда психологтың көмегі қажет пе? иа/жоқ





Білім алушыларға «Қол – мидың жалғасы» деп аталады. Бұл тренинг барысында әр оқушы өзінің табиғи бейімділігіне үңіліп, алақан бойынша өзіне сай мамандық саласын анықтай алады. Саусақтарыңызды кеңірек ашып, ақ параққа алақанымызды түсірейік. Бас бармақ пен шынашақтың арасын О нүктесімен белгілеп, әрбір саусаққа түзу сызық жүргіземіз. О нүктесін білезіктің оң жақ, сол жақтарын да қамтимыз. Осы жүргізілген сызба бөліктерін сызғышпен өлшеп шығарыңыз. Қорытынды: 1.Егер сіздің алақан сызығыңызда басбармақ пен О нүктесі

арасында сызба бөлігі ұзын болса, сіз – басқарушысыз. 2.О нүктесі мен сұқ саусақ нүктесінің арасындағы сызық басқаларынан ұзын болса, сіздің - қорғаушы әскери қабілетіңіз мол. 3.Ортан қол сызығы ұзынырақ болса, сіз – дін адамы, саясаткер болуға бейімсіз. 4.Аты жоқ саусақ сызығы үлкенірек болса, сіз өнерге бейіміңіз мол, суретші, музыкант, архитектор, дизайнер болуға қабілеттісіз. 5.Шынашақ сызығы үлкенірек болса,сіз – дәрігерлік шипагерлікке бейімсіз. Осылайша, қорытынды жасап, әрбір оқушы өзінің қандай мамандыққа бейім екендігін анықтап шығады. Мектеп бітіруші жас түлектерге кәсіби бағдар беру тренингімнің соңғы сатысы сауалнама алу болды. Сауалнама сұрақтарына берілген жауаптары арқылы мектеп бітіруші жас түлектердің болашақ таңдаған мамандықтарына байланысты талдау сараптама нәтижесі жасалынды.

Мамандық таңдау факторларымен таныстырылды. Мамандық таңдау туралы өзара оқушылардың пікір - таласы жүргізілді. «Мамандық таңдау, болашақты таңдау» тақырыбында әр оқушы өзінің таңдаған мамандықтары туралы айтты.

Сонымен қатар, мамандық таңдаудағы қиындықтар мен қателіктер айтылды.

- Бірден жоғары біліктілікті мамандыққа бағыт беру;
- Достарынан қалмау үшін мамандық таңдау;
- Мамандыққа бағыт – бағдар берушіге ауып кету;
- Мектептегі пәннің мамандыққа сәйкес келуі;
- Өзінің қабілетін, жеке қасиетін анықтай алмау, кемшіліктерін білу;

Сан алуан мамандықты білу мақсатында «Қол – мидың жалғасы» деп аталатын жаттығуы өткізілді. Ситуациялық сұрақтар, «Ең – ең» ойыны, өзін – өзі тану мақсатында «Психогеометрия» деп аталатын психологиялық сәт өткізілді. Өз болашағыңды анықтаудағы ережелерді ұстану түрлерімен таныстырды.

Сауалнама алынды.


Сүйікті ісің не? Неге қызығасың?

Таңдаған болашақ мамандығың өз жүрек қалауың ба?

Таңдаған болашақ мамандығың өз жүрек қалауың болмаса, болашақта не істемекшісің?

Болашақта қандай мамандық иесі болуды шын қалайсың?

Болашақ мамандықты таңдаған білім алушылардың көрсеткіші:



Кәсіптік бағдар беру жұмысының негізгі міндеттері төмендегідей болды:

— оқушыларды көпшілік мамандықтар туралы түсінікпен қаруландыру;

— кәсіптік қызығуы мен бейімділігін, қабілеттілігін қалыптастыру және дамыту мақсатында оқушылардың дара ерекшеліктерін зерттеу;

— мектеп бітірушілерге мамандық таңдауға көмектесу;

— оқушыларды белгілі мамандықтың түрін меңгеруге бейімдеу.



Кәсіби бағдар беру — жас ұрпақты өзіне ұнаған тиісті мамандықты саналы талдап алуға дайындауға бағытталған іс-әрекеті. Кәсіби бағдар беру арқылы оқушыларды мамандықтар әлемінде, олардың мазмұны, ерекшеліктері, жеке тұлғаға қоятын талаптарын өз бойындағы қасиеттерімен ұштастырып, өндіріс, шаруашылық салаларының даму міндеттеріне, оның нарықтық экономика жағдайындағы рөліне сай саналы таңдалып алынған мамандыққа мүдделілігін тәрбиелеуді қажет етеді. Мамандықты саналы таңдауда адамның қабілеттілігінің қалыптасуының да үлкен маңызы бар. Ол адамның психологиялық санасының қалыптасуына байланысты. Олар: қабілеттілік, қызығушылық, бағыттың құндылығы, кәсіптік жоспар, идеялы, сенімі, т.б. Мамандық туралы жеткіліксіз білу — мамандық таңдауда кездейсоқтыққа әкеліп соқтырады. Мамандық таңдауда қателесу сайып келгенде, таңдаған мамандығын жек көріп, жұмыс орнын жиі өзгертуге себепші болады дегендей кері байланыс жүргізілді.

Қоғамдастық жоспар бойынша жоспарланған іс – шаралар уақытында өткізілді. Қоғамдастық аясында әдістемелік тұрғыда мұғалімдер зерттеу жұмысымен, іс – тәжірибемен бөлісті. Мұғалімдер қоғамдастығында ортақ мақсаттармен біріккен, проблемаларды бірлесіп шешетін, өз құзырын дамытатын, креативті ойлайтын мұғалімдердің ортақ жұмысы жүзеге асырылды. Оқыту нәтижесінде Блум таксономиясын қолданып, оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға үйретудің әдіс-тәсілдерін үйренуге дағдыландыру жұмыстары жүргізілді. Жүргізілген жұмыстарға талдаулар мен мониторингтер жүргізілді.





«Білім ал» оқірлік жобасы жоспарына сай Мусина Гулжанат Абдисалыковна мен Коптелова Нурсулу Мухтаровна ZOOM арқылы сабақтар көрсетіп, республика көлемінде іс-тәжірибе тарапты

Ермаханқызы Назина




Аудандық "Үздік бастауыш класс мұғалімі-2022" сайысы БАС ЖҮЛДЕ





Облыстық "Үздік бастауыш класс мұғалімі-2022" сайысы II орын



ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІКТЕР.
Мектепте 6 әдістемелік бірлестік жұмыс жасайды.
Жаратылыстану пәндері бірлестігі.

Математика және информатика әдістемелік бірлестігі.

Қоғамдық- гуманитарлық әдістемелік бірлестігі
Эстетика- техникалық пәндер әдістемелік бірлестігі

2022-2023 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысының қорытынды талдауы.

2022-2023 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысының қорытынды талдауы.

Білім беру ұйымында тәрбие үдерісін құқықтық, әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету:
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен қосымша берілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы» білім басқармасының 2019 жылғы 19 тамыздағы
№ 252 бұйрығы, Ақтөбе облысының білім беру ұйымдарында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың 2019-2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын негізге ала отырып жұмыс жүргізілді.
№3 Хромтау орта мектебінің тәрбие жұмысының өзекті мәселесі:
Бәсекеге қабілетті, өзін-өзі басқара білетін, қарым-қатынас мәдениеті, ақпараттық мәдениеті, зерттей білетін дағдылары, іс-әрекет жасай білу, интеллектуалдық жұмыс істей білу мәдениеті дамыған тұлға тәрбиелеу.
Тәрбие жұмысының міндеттері:
Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылыми және практикалық жетістіктер негізінде тұлғаның дамуын қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайларды жасау шығармашылық, рухани және дене бітімдік қабілеттерін дамыту, моральды, салауатты өмір салтын нығайту негіздерін қалыптастыру арқылы жеке тұлғаны дамыту;
Қазақстан Республикасының Отанға деген махаббатын, азаматтылықты және отансүйгіштікке тәрбиелеу, мемлекеттік символдар мен ұлттық дәстүрлерге деген құрмет, еліміздің қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, тұлғаның өз құқығын және міндетін сезінуді қалыптастыру;
Отандық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне қосылу; қазақ халқының және басқа да халықтардың тарихын, салт-дәстүрін зерттеу; мемлекеттік, ресми және шет тілдерін білу;
психологиялық-педагогикалық құзыреттілікті және ата-аналардың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігін арттыру, жастарды дені сау отбасын құруға даярлау, отбасы институтын нығайтуда саналы атсалысу;
әлеуметтік маңызы бар балалық, отбасылық және ата-аналық бастамаларды, балалардың қоғамдық бірлестіктерінің қызметін дамыту және қолдау; тұлғаның экономикалық ойлауын дамыту және кәсіби қалыптасуға саналы қатынасын және өзін-өзі жетілдіруге; табиғатты сақтауда белсенді азаматтық жағдайды; экологиялық сауаттылықты және мәдениетті ұстану; бала тәрбиесінде жалпы және қосымша білім беру жүйесінің рөлін арттыру; сондай-ақ, денешынықтыру және спорт, мәдениет саласындағы ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыру.
Тәрбие тұжырымдамасының негізгі 8 бағытына сәйкес жұмыс жүргізілді.
Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие,құқықтық тәрбие, Рухани-адамгершілік тәрбие
Ұлттық тәрбие, Отбасы тәрбиесі, Еңбек,экономикалық және экологоиялық тәрбие
Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие, Зияткерлік тәрбие,ақпараттық мәдениет тәрбиесі
Дене тәрбиесі,салауатты өмір салты
2022-2023 оқу жылында мынадай жобалар іске асырылды:
«Мектептің өзін-өзі басқаруы», «Дебат» қозғалысы , «Оқуға құштар мектеп» , «Отбасы – мектеп»,
«Құқықтық сана – қауымға пана», «Дәстүр мен ғұрып» , «Еңбек – елдің мұраты»,«Үнем – қоғам қуаты»,
«Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет» , «Қоғамға қызмет» ,«Музей сабақтары»,
«Театр сабақтары» жобасы.
Тәрбие жұмысы жөнінде кеңестерде қаралған мәселелер:
2022 жылы тамыз айында мектеп директоры жанындағы кеңесте «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру;
2022 ж. Құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстарының ұйымдастырылуы
2022ж 9,11 сынып бітірушілерінің еңбекке орналасуы

2022 ж Мектептегі қыз балалар тәрбиесін жүйелі ұйымдастыру , «Сымбат» қыздар клубының жұмысы
2022 ж Сынып жетекшілер жұмысының ұйымдастырылуы
Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінде қаралған мәселелер:
2021-2022 оқу жылындағы алдын алу кеңесінің атқарылған жұмыстарының есебі;
Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту;
Қолайсыз отбасында тәрбиеленетін білім алушылармен жүргізілетін жұмыс
Мектеп оқушыларының үйірме, секцияларға қатысымы;
Құқықтық тәрбие бойынша жұмыс жүргізу;
Қыздардың үлгерімі мен тәртібі туралы;
Оқушылардың сабаққа қатысымы;
Зорлық-зомбылық бойынша сауалнама;
Мектептегі қыз балалар мен ұл балалар тәрбиесі жұмысының жүргізілу жағдайы;
Өзін – өзі басқару ұйымының жұмысы;
Балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу -басты міндет;
Зиянды заттардың алдын алу шараларының ұйымдастырылуы;
Ерекше назардағы оқушылармен жүргізілген жұмыс қорытындысы.
2022-2023 оқу жылы бойынша сынып жетекшілердің сапалық құрамы

<table>
<tr><td>Барлық сынып жетекші</td><td>41</td><td colspan="2">Білімі бойынша</td><td colspan="2">Санаты бойынша</td><td colspan="2">Еңбек өтілі бойынша</td></tr>
<tr><td>Мектепалды даярлық тобы</td><td>3</td><td>Жоғары</td><td>31</td><td>Педагог-зерттеуші</td><td>13</td><td>0-3 жыл</td><td>5</td></tr>
<tr><td>бастауыш сынып жетекшілері</td><td>14</td><td rowspan="3">Арнаулы орта</td><td rowspan="3">10</td><td>Педагог-сарапшы</td><td>11</td><td>4-8 жыл</td><td>6</td></tr>
<tr><td rowspan="3">орта және жоғары буын сынып жетекшілері</td><td rowspan="3">24</td><td>Педагог-модератор</td><td>10</td><td>9-15 жыл</td><td>6</td></tr>
<tr><td>Екінші б/с</td><td>1</td><td rowspan="2">15 жылдан жоғары</td><td rowspan="2">24</td></tr>
<tr><td>Педагог</td><td>6</td></tr>
</table>

Сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы ай сайын жоспарлы отырысы өткізілді.
«Сынып жетекшісі – тәрбие жүйесінің негізгі ұйытқысы» деген тақырыпта сынып жетекшілеріне арналған семинар өткізілді.8 «а» сынып жетекшісі Жумабаева К.Т «Бала тәрбиесінің негізі - бұл оның отбасы » ,
4 «б» сынып жетекшісі Халыкова Г.У. «Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру оқушыларды тәрбиелеуде маңызды» деген тақырып аясында өз тәжірибелерімен бөлісті. Оқушылар мен ата-аналардың бірлесе отырып қатысқан шараларын, тәрбие бағыты бойынша жүргізілген жұмыстарымен танысытырды. Семинар қорытындысында тәрбие бағытында атқарылып жатқан жұмыстардың барысын саралап, күтілетін нәтижесі талқыланды.







2022-2023 оқу жылындағы оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында

мектепішілік, мектептен тыс үйірмелерге қатысымы.

№	Үйірме атауы	Қатысатын оқушы саны
Мектепішілік үйірмеге қатысатын оқушылар саны - 297		
1	Волейбол	40
2	Тоғызқұмалақ, Асық, Бес асық	60
3	Үстел теннис	20
4	Футбол	20
5	Шахмат	40
6	Баскетбол	20
7	«Сөз маржан» үйірмесі	30
8	Театр үйірмесі	17
9	Дебат	30
10	Ырғақ би	20
	Мектептен тыс спорттық , шығармашылық үйірмелерге қатысатын оқушы саны- 256	
1	Спорттық секциялар	180
2	Музыка мектебі	38
3	Тіл үйірмелері	32
4	Мектептен тыс білім беру орталығы	6
	барлығы -553 оқушы , 70% қамтылды.	

Тәрбие тұжырымдамасының негізгі 8 бағытына сәйкес сынып сағаттары, сыныптан тыс шаралар жоспарлы өткізілді.

1)Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бағыты

2022-2023 оқу жылының "Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет" тақырыбындағы білім күніне арналған салтанатты жиынға 1,4,9,10,11 сынып оқушылары қатысты. Салтанатты жиынға Хромтау аудандық мәдениет және спорт орталығының директоры Жиеналиев Арман Тлектесұлы мен №5 Ақбота бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі Баймағанбетова Сания Сакифкереевна қатысып, бірінші сыныпқа алғаш қадам басқан бүлдіршіндерді құттықтап, сәттілік тіледі.

Білім алушылармен бірге білімге ұмтылу, отаншылдық, еңбексүйгіштік құндылықтарының адам өміріндегі рөлін талқылау мақсатында 2-3 және 5-8 сынып білім алушыларына «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.








2022 жылдың қыркүйек айында мектебімізде өткізілген білім алушылардың «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасын басшылыққа алып жүзеге асырылуын қамтамасыз ету мақсатында 22 қыркүйек күні Мектеп Парламенті Президентінің сайлау рәсімі өтті.

Мектеп тәлімгері Дарибаева Айгул Абаевна Мектеп Президенті сайлауында комиссия мүшесі болып тағайындалды. Сайлауалды бағдарламаның 4 үміткері 10 сынып білім алушылары Сисекенова Ерке,Темирбулат Аяулым, Аманғос Мансур, Тлеуханов Бекболат. Үміткердің ішінен басым дауыс жинаған – 10 сынып оқушысы Тлеуханов Бекболат болды.







2022-2023 оқу жылындағы Өзін-өзі басқару ұйымының фракция мүшелері 10 а,ә сынып оқушыларынан сайланды. Өзін-өзі басқару ұйымының президенті -Тлеуханов Б, Экология және еңбек фракциясының жетекшісі -Темірбулат А, Құқық және тәртіп фракциясының жетекшісі -Кушекбаева Ж , Дебат қозғалысы фракциясының жетекшісі -Утегалиева Г, Мәдениет және өнер фракциясының жетекшісі-Жанаберген А, Ақпарат фракциясының жетекшісі - Бондаренко И, Спорт және салауатты өмір салты фракциясының жетекшісі - Искаков Н, Өзін өзі тану және бақыт фракциясының жетекшісі -Рай М, Қамқорлық фракциясының жетекшісі -Шамшадин А.

Қыркүйек айының 28 күні аға тәлімгердің ұйымдастыруымен «Мектеп парламенті» және «Жас Ұлан» ұйымдары мүшелерінің кезекті отырысы өтті. «Қарттарым асыл қазынам» атты мерекелік іс-шарасын өткізу барысы талқыланды.





13 желтоқсан күні Тәуелсіздік күніне орай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына қабылдау салтанатты жиыны болып өтті. «Жас Ұлан» қатарына -79 білім алушы қабылданды. Шара соңында мектеп директоры Отаров Шерхан Табиғатұлы оқушыларға құттықтау тілегін білдірді.





«Жас Ұлан» өскелең ұрпақты жоғары рухани-адамгершілік құндылықтарға, гуманистік, толеранттылық пен демократиялық ұстанымдарға негізделген, Қазақстандық патриотизм рухында қалыптастыратын ұйым . Мақсаты - өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық , білім мен өзін –өзі жетілдіруге деген құштарлық , беріктік , Отан тарихына , Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру.
Өзін-өзі басқару ұйымы «Мен үшін парламент ол...» тақырыбында ой бөлісіп, Tik-tok әдісі арқылы қорытындылады.




